Асфальтбетон құрамындағы минерал толтырғыштар арқылы битумдардың арасындағы физика-химия-

лық процесті сипаттайды. Осы әдіске орай битумдағы асфальтмен шайырлар және минерал толтырғыштар арасындағы электронды күштер әсерінен өзара тербелістер орын алады. Әрбір бөлшектердің сыртқы қабаты магнит тогымен зарядталады. Тербелу нәтижесінде өзара сәйкес зарядтар бір-бірімен жабысады. Құрамында май мөлшері көп болған битумда парамагниттік асфальтбетон бөлшектері кем болады.

1. *Иваньски М. Асфальтобетон как композиционный материал / Ивановски М., Урьев Н.Б. – М.: Техполиграф, 2007. – 150 с.*

2. *Үдербает С.С. Құрылыс материалдары: қасиеттері және өдірілуі. – Қызылорда: Тұмар, 2007. – 207 б.*

3. *Грушко И.М., Королев И.В., Борщ К.М., Мищенко Г.М. Дорожно-строительные материалы. – М. Транспорт, 1991. – 357 с.*

4. *Кулимбаев А.А., Бишімбаев У.Қ., Қасымов Е.О. Жол құрылысы материалдарынан зертханалық жұмыстар. – Алматы: Триумф «Т». 2009.*

Резюме

В статье рассматриваются состав и свойства битума нефти. В составе асфальтбетона через минерал наполнители характеризует физико-химические процессы битума.

Summary

In article the structure and properties of bitumen of oil is considered. In structure asphaltbeton through a mineral fillers characterizes physical and chemical processes of bitumen.

УДК 541.64+547.46

ПОЛИСАХАРИДТЕР НЕГІЗІНДЕГІ ГИДРОГЕЛДЕРДІ СИНТЕЗДЕУ, ЗЕРТТЕУ

А.Е. Қасымова – *Магистратура және докторантура PhD институтының 2 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ,*
Р.Джумашева – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 4-курс студенті,*
Г.Мейірова – *х.ғ.д., проф., Магистратура және докторантура PhD институты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазіргі кезде дүние жүзі мен елімізде болып жатқан терең әлеуметтік өзгерістер техникалық және кәсіптік жаңартудың бүкіл жүйесін дамытуға, жаңартуға және жетілдіруге жаңа көзқарастарды талап етуде. Мұндай жағдайда оқу үрдісінің сипаты да өзгеріп, студенттердің болашақ мамандығына керекті білім мен білікті игеруге бағытталған ізденісінің күшеюіне жол ашылады [1].

Қазіргі қоғамда ақпараттық технологияның өркендеу кезеңінің біртіндеп енуі байқалады, бұл жерде ең басты өнім қоғамның және өндірістің дамуына қажетті ақпараттық ресурстар. Білім берудің мазмұнын және оқыту әдістерін жетілдіру компьютерлік оқыту технологиясын қолданумен тығыз байланысты. Электрондық оқулықтар және әдістемелер, қашықтықтан оқыту, мультимедиялық оқыту бағдарламасы, мектептерде компьютерлік техникалардың әлемдік интернет торабына қосылуы қашықтықтан оқытуға мүмкіндік берді. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (АКТ) жекелей оқытудың мүмкіндіктерін кеңейтеді. Компьютер студенттің шығармашылық белсенділігіне қолайлы әсер етеді, танымдық тапсырмаларды шешуге, оқушының жеке қызығушылығын және мүмкіндіктерін көрсетуді жүзеге асырауға жағдай жасайды.

Бүгінде педагогикалық технологиялардың түрлері өте көп. Олардың бірнешеуін айта кететін болсақ, кредиттік технология, проблемалық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, ойын технологиясы, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы, жобалық технология және т.б.

Осы педагогикалық технологиялардың ішінде жиі қолданылатындарына тоқтала кетсек. Модульдік оқыту технологиясы. Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі – студенттердің білімді меңгеруге емес, жеке тұлғаның танымдық іс-әрекеттерін дамытуға бағытталған: зерде түрлерін, ойлау зейін, арнайы құрастырылған оқу және танымдық жағдаяттар арқылы қабылдау, сонымен қатар жеке тұлғаның қауіпсіздік, өзіндік өзектілік (самоактуализация), қарым-қатынас, ойнау, танымдық және шығармашылық мұқтаждықтарын қанағаттандыру. Оқу модулінің қайталанып отыратын оқу циклі ретінде үш өлшемнен тұратын (кіріспе, диалог және қорытынды) құрылымы болады.

Денгейлеп-саралап оқыту технологиясы. Бұл студенттер іс-әрекетін белсендіру арқылы жүзеге асатын проблемалық-ізденістік оқыту әдістеріне негізделген. Меңгеру деңгейлерін студенттік, алгоритмдік, эвристикалық және шығармашылық деп бөледі. Әр деңгейдің талабына сәйкес жеке бақылау жұмысына арналған деңгейлік тапсырмалар құрастырылады. Денгейлеп-саралап оқытудың жеке тұлғалық мазмұнын қамтамасыз етіп, студенттің жақын аймақтық дамуын жүзеге асырады. Бұл оқыту технологиясы әрбір студенттің жеке даму динамикасына ықпалын тигізеді [2].

Заманауи әлеуметтік-экономикалық тенденциялар жоғары сапалы мамандар даярлауды талап етуде. Еңбек нарқында ЖОО-ын бітірушілердің жұмысқа тұруына көптеген қатал талаптар қойылды. ЖОО-ын бітірушілер негізгі мамандық бойынша білімімен қатар бірнеше жеке сапалары да болуы керек, соның ішінде міндеттеріне тоқтала кетсек, креативтілігі, бейімделуі, өлшемдік (критикалық) ойлауы, мақсатына жетуге ұмтылысы, кәсіби өсуге қабілеттілігі және т.б. Сәтті кәсіби қызмет үшін заманауи ақпараттық коммуникативтік технологияларды, оқу жоспарын жасаудың жаңа әдістерін меңгеруі тиіс.

Сонымен қатар, бітірушілер үшін өз бетінше оқып, іздену, теория мен практиканы бір-бірімен ұштастыра білуі де өте маңызды. Осылайша, ЖОО-ын бітіруші алдына мақсат пен тапсырмалар қойып, оларды өзіндік ізденісінің арқасында шешіп, өз жұмысының нәтижесіне есеп бере алуы қажет. Бұл жиынтықтар өз кезегінде жобалық технологияны құрайды. Басқаша айтқанда, маман өз жұмысында кең ауқымды жоба жасай алуы. Студенттерді мұндайға үйрету үшін оқу үрдісіне жобалық технологияны қолдануды енгізу арқылы жүзеге асады.

Жобалық технология Дж. Дьюидің «қасанды аралық» оқыту идеясына негізделген «жобалық әдістен» шыққан. Жоба арқылы оқытуды түсіндіру үшін XVI-XVII ғғ. Европадағы архитектуралық мектептің «жобалық әдісі» қарастырылады. Біздің түсінігімізде «жобалық әдіс» қазіргі педагогика ғылымындағы мәселелерді шешуші ұғым. Яғни «жобалық әдіс» – оқыту әдісінің жалпы спектрі болып табылатын технология. Оқытудың жобалық технологиясы жобалық қызмет технологиясын, жобалық қызмет субъектісі мен ерекшеліктерін, мақсатын, дидактикалық әдістер, жобалық қызмет критерийі мен бағалау деңгейін қамтиды.

«Жобалық әдістің» философия-педагогикалық әдіс ретінде қалыптасуына П.П. Блонский, Б.В. Всесвятский, Дж. Дьюи, Г. Кершенштейнер, У.Х. Килпатрик, У. Коллингс, А.П. Пинкевич, М.М. Пистрак, И.Ф. Свадковский, С.Т. Шацкий, И.Д. Чечель ат салысқан. «Жобалық әдістің» жалпы әдістемесін С.А. Красносельский, Н.Ю. Пахомова, Л.Б. Переверзев, Е.С. Полат, И.С. Сергеев, М.Л. Сердюк қарастырды [3].

Біз жобалық технологияны қолдану арқылы зертханалық сабақтарын жүргізуді қарастырдық.

Зертханалық жұмыстың мақсаты: Ғылым жетістіктерін өмірде қолданысқа енгізу жолдарымен таныстыру. Ұйымдастыру сатысы бойынша оқытушы алдын-ала мынадай мәселелерді қарастырады:

- Жобаның тақырыбына байланысты теориялық материалдарын даярлау;
- Зертханалық жұмыстың әдістемесін дайындау;
- Жобаны дайындаушы топ құру;
- Жобаның тақырыбы мен орындалу сатыларын белгілеу.

Зертханалық жұмыстың орындалу реті (100 минут):

1. Теориямен танысу (50 минут):

- Сұрақтарға жауап беру;
- Тәжірибе жасауға рұқсат алу;

2. Жобаны құру (СӨЖ тапсырмасы 100 минут, ауд. 50 минут):

- Мақсаты;
- Міндеттері;
- Орындалу схемасы;
- Жобаны қорғау;

3. Нәтиже алу, талдау және қорытындылау (50 минут);

Зертханалық жұмыстың нәтижесін қорғау реті (СӨЖ тапсырмасы, 50 минут):

- Есеп;
- Баяндама;
- Презентация;

«Гидрогель алу жобасын жасау» тақырыбындағы зертханалық жұмыстың әдістемесі

Капсулалау – өңделетін тұқымды жұқа қабат түзетін полимер немесе мономер ерітіндісімен қаптау әдісі. Капсулалаудың басқа қаптағыш әдістерден артықшылығы – капсула қабықшасы қолданылу кезінде

ядромен бірге пайдаланылады. Қабықша капсула ішіндегі затты сыртқы орта әсерінен қорғайды, заттын иісін, дәмін және түсін сақтайды, ұшпалылығымен улылығын төмендетеді. Капсулалардың сфералық; бір және көп ядролы, сонымен қатар, комбинирленген түрлері ажыратылады. Өлшемдері бойынша макро-, микро- және нанокапсулалар болып бөлінеді. Макро- және микрокапсулалы қабықшалар ретінде табиғи және синтетикалық полимерлер қолданылады. Нанокапсула ішінде төмен молекулалық қосылыстар капсулаланған сфера түзгіш полимердің макромолекуласы болып табылады. Капсулалау әдісі фармацевтика өндірісінде дәрілік заттар дайындауда кеңінен таралған. Сонымен қатар капсулалау тыңайтқыш, инсектицидтер, бояғыш материалдар өндірісінде, жуғыш және тазалағыш заттар, еріткіштер, өртсөндіргіштер, парфюмериялық және тамақ өндірісінде кең қолданыс тапқан.

Түйіршіктеу – тұқымды пайдалы элементтермен байыту. Тұқымды түйіршіктеу тұқымды егу алдында арнайы аппарат дражираторда қорғағыш қабаттарымен шартәрізді формада қаптау әдісі болып табылады. Тұқымды түйіршіктеу тұқымдардың біркелкі себілуін қамтамасыз етеді және майда тұқымдардың егілуін оңайлатады. Тұқымдарды түйіршіктеуде қолданылатын қоспа құрамында суперфосфат, азотты, калий және бактериялық тыңайтқыштар, микроэлементтер, өсімтұрақтандырғыштар болады. Түйіршіктелген тұқымдар 6-9 ай бойы өзінің өнгіштігін сақтайды. Түйіршіктелген тұқымды себер алдында 40-60% дейін ылғалдандырады [4].

Жобалық технологияға негізделе отырып студенттердің өзіндік ізденісін арттыру мақсатында студенттерге тәжірибе жұмысының алдында сұрақтары бар карточкалар таратылады. Мысалы:

1. Капсулалау дегеніміз не?
2. Тұқымдарды капсулалаудың маңызы?
3. Лаборатория жағдайында капсулалау әдісін жүргізуде қолданылатын ерітінді концентрациялары?

1. Түйіршіктеу әдісі
2. Капсулалау мен түйіршіктеу әдісінің айырмашылығы?
3. Тұқымдарды түйіршіктеу әдісінің маңызы мен ерекшелігі?

Зертханалық жұмысты орындау әдістемесі.

Біз пектин қышқылы (ПҚ) негізіндегі биоактивті гидрогелдерді зерттейміз. Құрамында қатынастары 20:1 болатын АЕ_{нег}, АЕ өсүреттеуіші бар 8% масс. гидрогелдер аламыз. Бұл ерітінділер аридтік еркекшөп өсімдігінің тұқымын өңдеуде қолданылады. Капсулалау әдісі келесі тәртіппен орындалады:

1. Массасы 0,36 г ПҚ аналитикалық таразыда өлшеп, алынған өлшендіні жалпы көлемі 20 мл болатындай дистилденген суда ерітіп, 8%-тік полимерлік ерітінді дайындаңыз.

2. Массасы 0,36г ПҚ және 0,4г КМЦ аналитикалық таразыда өлшеп, жалпы көлемі 20 мл дистилденген суда ерітіп, 8%-тік полимерлік ерітінді дайындаңыз.

3. Массасы 0,36г ПҚ, 0,4г КМЦ және 0,01г акпинолды (ДФХ) аналитикалық таразыда өлшеп, өлшенділерді жалпы көлемі 20 мл болатындай дистилденген суда ерітіп, 8%-тік полимерлік ерітінді дайындаңыз.

Табиғи полисахаридтер мен АЕ негізіндегі биологиялық белсенді полимерлік кешенді зерттеу көрсеткіштері бойынша олар тұқымның ұрықтық сапасына оң әсерін тигізетіні, өсу қарқындылығы мен сақталу мерзімін 16-19% жоғарылататыны келесі зертеулер арқылы анықталады.

1. Қазақстан Республикасының 2008-2012 жылдарға арналған техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2008. №626. – 24 б.

2. Құрманалиев М.К. Қазіргі педагогикалық технологиялар: Оқу құралы. – Алматы, 2010 – 242 б.

3. Нұрғалиева Г.К. Педагогиканың логикалық-құрылымдық курсы, – Алматы, 1996.

4. Карасева А.Н., Миронов В.Ф., Цепяева О.В. Полиметаллокомплекс пектиновых полисахаридов и их биологическая активность // Бутлеровские сообщения. 2004. №1 (5). – С. 33-35.

5. Мейірова Г., Байдуллаева А., Қасымова А. Өсімдік тұқымдарын капсулалауға арналған полимерлік композициялар // ҚазҰПУ «Хабаршысы» – Алматы, 2012. №1. – 32-34 б.

Резюме

В статье рассматриваются преподавание некоторых тем элективного курса органической химии по проектной технологий. Предложена методика синтеза гидрогелей на основе полисахаридов.

Summary

In article teaching of some organic questions on design technologies is considered. The technique of synthesis of hydrogels on the basis of polysaccharides is offered.

БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 611.311.018:546.48:616.311.2-08:615.246.2

ЭКЗОТОКСИКОЗ КЕЗІНДЕГІ БИОХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ТАГАНСОРБЕНТТІҢ ӘСЕРІ

З.Б. Тұңғышбаева – б.ғ.д., проф. м.а., Абай атындағы ҚазҰПУ

Бүкіл дүние жүзінде, қоршаған ортаның химиялық заттармен ластануы және оның жылдан-жылға артуы, адамзат үшін глобалді мәселе болып табылады. Әсіресе атмосфера мен тағам өнімдерінің ауыр металдар және оның әртүрлі токсиндік қосындыларымен ластануы ерекше қауіптілікті сақтауда [1, 2, 3, 4]. Соған байланысты, қазіргі кезде ауыр металдардың ағзаға әсер көрсету мүмкіншілігін бақылау және бағалау өте қажетті өзекті мәселе, себебі ереже бойынша, олардан табиғи жолмен тазарудың механизмі жоқ және миграция кезінде заттарға енген ауыр металдар, мөлшерін немесе сақталу түрін ғана өзгертеді.


ДДҰ мәліметтері бойынша қауіптілік дәрежесі жағынан пестицидтер бірінші орынды алса, екінші орында ауыр металдар тұр. Олардың ішінде қоршаған ортада техногенді түрде қарқынды жиналып жатқан ең қауіпті ластаушылар қатарына Hg, Pb, Cd, Zn жатады [2, 5, 6]. Қазақстанда мұндай аймақтар жоқ емес, көптеген өнеркәсіп орталықтарындағы атмосфералық ауада кадмийдің мөлшері ШЖК едәуір асады, ал Шығыс-Қазақстан облысында ауыз суының ауыр металдармен ластануы ШЖК 100 және одан да көп есе артық [7]. Соныменен, Қазақстан үшін кадмиймен ластану мәселесі, өзекті мәселелердің бірі.

Шын мәнісінде қоршаған ортаның және тағам өнімдерінің әртүрлі токсиндермен, ауыр металдармен ластануына байланысты, жағымсыз экологиялық факторлардан адам денсаулығын қорғау, қазіргі кездегі басты мәселе болып отыр [8, 9]. Сірә, осы мәселені шешу барысындағы ізденістерде мүмкіндік беретін бағыттың бірден-бірі, ағзаның ішкі ортасын уытсыздандырып, ұлпалар мен оның лимфалық аппараттарының резистенттілігін арттыру үшін әртүрлі энтеросорбенттерді қолдану. Сондай сорбенттердің ішіндегі жаңа ұрпақ, алғашқы Қазақстандық адсорбциялық детоксикациялық қасиетке ие Тагансорбент, негізінен натрийлі монтмориллониттен жасалған, организмге жағымды комплекстік әсер көрсетуі бойынша басқа жасанды және табиғи энтеросорбенттерден едәуір жоғары тұр.

Қалыпты жағдайда егеуқұйрықтың қанындағы мочевианың мөлшері 2,5-8,3 ммоль/л. Хлорлы кадмиймен әсер көрсеткен кезде, қандағы мочевианың мөлшерін бақылау деңгейіндегімен салыстырғанда, төмендегенін (1 сурет). 1 күні 1,5 мг хлорлы кадмий бергенде, мочевианың мөлшері 15% төмендесе, 1 аптаның соңында – 18%, 2 аптада – 60% жуық, ал тәжірибенің соңында – 33% (екінші аптадағыдан әлденеше төмен) бастапқы деңгейдегідей болды. Бірақ, хлорлы кадмийдің 3,0 мг дозасымен уландырғанда, 1 күні 8% төмендесе, 1 аптаның соңында – 41%, 2 аптада – 60%, ал тәжірибенің соңында – 35% төмендеді. Яғни, хлорлы кадмий берілген кезде, мочевианы синтездейтін бауырдың функциональді активтілігінің төмендегені орын алды, ал, токсиканттардың жоғары дозасын берген кезде, қандағы мочевианың мөлшері өте төмен түседі деп күткен нәтиже алынған жоқ, бірақ бауырдың функциональді активтілігінің төмендегенін жоққа шығаруға болмайды, сонымен қатар бұл қосындыларды бүйректердің сыртқа шығаруы төмендегенін және олардың ағзада кідіріп қалатынын көрсетуге болады.


Хлорлы кадмийдің әртүрлі дозасымен созылмалы әсер көрсетуден кейін, Тагансорбентті қолданғанда, егеуқұйрықтар қанындағы биохимиялық ауытқулардың едәуір төмендегені анықталды. Хлорлы кадмийдің әртүрлі дозасы әсер көрсеткен кезде, Тагансорбенттің ықпалынан егеуқұйрықтың қанындағы мочевиана арта бастаған (2 сурет).

Соныменен бірге, хлорлы кадмийдің 3,0 мг дозасын бергеннен кейін, Тагансорбент алған жануарлардың қанындағы мочевиана мөлшерінің артуы айқын көрініс берді. Соныменен, хлорлы кадмиймен уландырғаннан кейін, 21 тәулік өткенде егеуқұйрықтар қанындағы мочевиана мөлшері, күмәнді болса да, бастапқы деңгейден $12,17 \pm 3,8\%$ жоғары екені анықталды.



1 сурет – Хлорлы кадмийдің әртүрлі дозасын берген кездегі егеуқұйрықтар қанындағы мочевина мөлшерінің өзгеруі.

Абсцисс осінде – бақылау уақыты (тәуліктер) ординат осінде – мочевина мөлшері (ммоль/л)



2 сурет – Хлорлы кадмийдің әртүрлі дозасымен уландырғаннан кейін, Тагансорбент алған егеуқұйрықтар қанындағы мочевина мөлшерінің өзгеруі.


Абсцисс осінде – бақылау уақыты (тәуліктер) ординат осінде – мочевина мөлшері (ммоль/л)

Егеуқұйрықтар қанындағы мочевина деңгейінің артуы, бір жағынан бауырдағы әрекеттердің қарқындалғанын көрсетеді, егер бастапқы деңгейден жоғары болса, екінші жағынан зәрмен бірге мочевианың артық мөлшерінің ағзадан шығарылуында, бүйректің әрекет көрсетуінің кейбір жетіспеушілігі бар екеніне болжам жасауға болады. Сірә, хлорлы кадмийдің 3,0 мг дозасы осы жануарлардың бүйректеріне зақымдаушы әсер көрсеткен болуы мүмкін.


Қалыпты жағдайда егеуқұйрықтар қанындағы креатининнің мөлшері 60-тан 90 мкмоль/л дейін ауытқиды. Токсиканттарды бергеннен кейін, егеуқұйрықтар қанындағы креатининнің мөлшері арта бастады, әсіресе жоғары доза бергенде креатининнің мөлшері едәуір артқан (3 сурет). Хлорлы кадмийдің 1,5 мг дозасын берген кезде, бірінші күні 4% өсуі байқалса, бірінші аптаның соңында – 26%, екінші аптада – 33% өсті, ал тәжірибені бақылаудың соңында, үшінші аптада – 22% құрды, ол екінші аптадағымен салыстырғанда біраз төмендегенін байқатады, бірақ ауытқудың осы мағанасы, шектеуші көрсеткіштердің жоғары мөлшеріне жататыны байқалды.

Ал, токсиннің екі есе артық дозасы әсер көрсеткенде, егеуқұйрықтар қанындағы креатининнің мөлшері өсіп, тәжірибе соңында төмендегені байқалған жоқ, 1 күні 9% өсуі байқалса, 1 аптаның соңында – 25%, 2 аптада – 41% өсті, ал тәжірибені бақылаудың соңында 3 аптада – 54% құрады.

Соныменен, хлорлы кадмийдің аз концентрациясын бергенде, бүйректің функциональді жағдайындағы өзгерістердің кейбіреулері қайтымды болатыны байқалды, ал концентрациясын екі есе жоғары беріп, әсер көрсеткенде бүйректің функциональді жағдайы едәуір өзгеріске ұшырап, оның зақымдануына толық мүмкіншілік бар екенін байқадық, оған біздің пікіріміз бойынша жоғарыда келтірілген егеуқұйрықтардың қанындағы мочевина мөлшерінің мағанасы негіз бола алады. Тагансорбентті қолданғанда, егеуқұйрықтар қанындағы креатининнің мөлшері төмендей бастаған, токсиннің әсер көрсету кезіндегіге қарағанда. Сонымен қатар, хлорлы кадмийдің 1,5 мг дозасымен уландырған тәжірибеде, 1 күні бастапқы деңгейден 20% жоғары болса, 1 аптаның соңында бастапқы деңгейге дейін төмендеді. Яғни, сорбентті қолдану бүйректің функциональді жағдайына жағымды әсер көрсеткенін дәлелдейді. Сорбент алмаған жануарлармен салыстырғанда, токсиннің 3,0 мг дозасын алған жануарлардың Тагансорбентті қабылдауы, олардың қанындағы креатинин мөлшерін кеміткен (4 сурет).



3 сурет – Хлорлы кадмийдің әртүрлі дозасымен уландырылғаннан кейін, егеуқұйрықтардың қанындағы креатинин (мкмоль/л) мөлшерінің өзгеруі



4 сурет – Хлорлы кадмийдің әртүрлі дозасымен уландырылғаннан кейін, Тагансорбент алған егеуқұйрықтардың қанындағы креатинин (мкмоль/л) мөлшерінің өзгеруі

Бірақ, жануарлар қанында креатининнің мөлшері едәуір мағанада сақталған, 1 күні – 56%, 1 аптаның соңында – 55%, 2 аптаның соңында – 51% бастапқы көрсеткіштерден жоғары болды, сонымен қатар осы көрсеткіштерден аз да болса төмендегені де байқалады, ал тәжірибені бақылаудың соңғы аптасында бастапқы көрсеткіштерден 40% жоғары болып, шектеуші деңгейдің жоғары мағанасынан (90 мкмоль/л) асып кетті. Яғни хлорлы кадмийдің әсері қандағы мочеви́на мөлшерін төмендетті. Хлорлы кадмийдің әртүрлі дозасымен уландырылғаннан кейін, Тагансорбентті қабылдаған егеуқұйрықтардың қанында креатинин мөлшері артты, оның мөлшерінің артуы 3,0 мг доза алғандарда айқын көрініс берді. Егеуқұйрықтарды токсинмен уландыру, олардың қанындағы креатинин мөлшерінің біршама артуына алып келді, әсіресе бұл құбылыс токсиннің екі есе дозасын алғандарда айқын көрініс берді. Тагансорбентті қабылдаған жануарлар көрсеткіштерін, оны қабылдамағандардың көрсеткіштерімен салыстырғанда, егеуқұйрықтар қанындағы креатинин мөлшерінің төмендегені анықталды.

Соныменен, кадмийлік детоксикация мәселесін жалпы қарастыру барысында, қызыл иек эпителийінің қорғаныштық қызметі маңызды рөл атқаратынын атап өту қажет. Қызыл иектің шырышты қабығы – жасушалық элементтер мен талшықты құрылымдардан тұратын, негізгі зат түріндегі дәнекер ұлпалар. Бұл қабаттың негізгі функциясы – механикалық тосқауыл жасау жолымен қорғау. Қызыл иектің шырышты қабығының өткізгіштігі ферменттік жүйенің әсер көрсетуінен активтелген гиалуронды қышқыл арқылы іс жүзінде асырылады. Кадмийден және оның алмасу заттарынан уытсыздандыру нәтижесінде, қызыл иектің шырышты қабығы, токсиннің алмасу заттарының әсер көрсетуі бойынша басқа мүшелерді де қорғай алады.

1. Пономаренко А.М., Степанова Н.Ю., Латыпова В.З. Особенности распределения ртути в тканях и органах рыб в модельном эксперименте // *Токсикологический вестник*. – 2007. – №1. – С. 35-39.

2. Coverdale L.E Degenerative periodontal-diseases and oral osteonecrosis: The role of gene-environment interactions // *Mutat Res*. 2008. – N14. – P. 31-42.

3. Chen H., Song Y.F., Zhang W., Li X.Y., Wang L., Ji P.H., Yang X.X. Assessment of toxicity effects for cadmium contamination in soils by means of multi-indexes // *Huan Jing Ke Xue*. – 2008. – Vol.29, №7. – P. 2501-2512.

4. Mulak M., Assessment of toxicity effects for cadmium contamination in soils by means of multi-indexes // *Huan Jing Ke Xue*. – 2008. – Vol. 29, №9. – P. 2606-2612.

5. Шалахметова Т.М. Клеточные механизмы гепатотоксического действия тяжелых металлов на растущий организм: автореф. ... док. биол. наук. 03.00.11. – Алматы: КазНУ, 1999. – 48 с.

6. Gillis P.L. Effect of in-feed inclusion of a natural zeolite (clinoptilolite) on certain vitamin, macro and trace element concentration in the blood, liver and kidney tissues of sows // *Res Vet Sci*. 2008. Vol. 72, N 1. – P. 61-68.

7. Тулеуханов С.Т., Бактыбаева Л.К., Свамбаев Е.А., Атамбаева Г.К., Маутиенбаев А.А. Цитотоксическая активность хлорида кадмия в отношении суточной динамики лейкоцитов периферической крови крыс // *Хабаршы Вестник КазНУ. Серия экологическая*. – Алматы. – 2008. №2 (28). – С. 94-100.

8. Коненков В.И., Любарский М.С., Бгатовна Н.П., Рачковская Л.Н., Бородин Ю.И., Беседнова Н.Н., Кузнецова Т.А., Звягинцева Т.Н., Шевченко Н.М., Макарова О.П., Кокиарова В.П. Гепатопротекторные свойства нового энтеросорбента с фукоиданом в условиях ожоговой травмы // *Вестник лимфологии*. 2008. – № 1. – С. 23-31.

9. Бгатовна Н.П., Новоселов Я.Б. Использование биологически активных пищевых добавок на основе природных минералов для детоксикации организма. – Новосибирск, 2000. – 240 с.

Резюме

Хроническое отравление животных хлористым кадмием приводит к достоверному уменьшению содержания мочевины и увеличению креатинина по сравнению с контрольными уровнями, причем эти изменения более выражены при дозе 3,0 мг/кг хлористого кадмия. Применения Тагансорбента оказывает гомеостазирующее действие в условиях кадмиевой интоксикации: нормализуются содержания мочевины и креатинина в крови крыс, показатели достигают контрольного уровня. Более полное восстановление выявлено при дозе 1,5 мг/кг.

Summary

The chronic poisoning of animals results a chlorous cadmium in reliable reduction of maintenance of urea and increase of kreatinine as compared to control levels, thus these changes are more expressed at a dose 3,0 mgs/of kg of chlorous cadmium. Applications of Тагансорбента are rendered by a гомеостазирующее action in the conditions of cadmium intoxication: maintenances of urea and kreatinine are normalized in blood of rats, indexes arrive at a control level. More complete renewal is educed at a dose 1,5 mg/ kg.

ӨОЖ 581.6 (633.88)

ОҢТҮСТІК АЛТАЙ ТАУЛАРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ИЛІК ӨСІМДІКТЕРДІҢ ШИКІЗАТ ҚОРЛАРЫ

Д.К. Айдарбаева – б.ғ.д.; Абай атындағы ҚазҰПУ,

Н.Г. Гемеджиева – БҒМҒК «Ботаника және фитointродукция институты»

Қазақстанның Алтай таулары флорасының алуан түрлілігімен ерекшеленеді. 2006-2011 жж. алғаш рет біз Оңтүстік Алтай тау тізбектерінің (Күршім, Азутау, Оңтүстік Алтай, Алтай Тарбағатайы, Сарымсақты және Нарым) өсімдік қорларын зерттедік.

Қазіргі таңда өсімдіктердің қорларын зерттеу аса маңызды, өйткені өсімдіктердің шикізаттарын өндеуде жаңа технологияны пайдалану нәтижесінде перспективті жаңа өнімдер (дәрілік, тағамдық, мал-азықтық т.б.) алуға мүмкіндік болады.

Қазақстан флорасында 500-ден астам техникалық өсімдіктер кездеседі, солардың ішінде құрамында илік заттары бар өсімдіктер де бар. Илік өсімдіктер, олардың шикізаттары өздерінің тұтқырлық және бактерицидтік қасиеттерімен ерекшеленеді.

Оларды асқазан – ішек ауруларында тұнба ретінде ішеді, күйіктерге шашпа ретінде, ауыр металлдармен және өсімдік тұнбаларымен уланғанда пайдаланады. Кең көлемде терілерді илеу өндірісінде қолданылады. Өсімдіктен алынған өнімдер улы емес, экологиялық таза, әрі қауіпсіз және де табиғатта тез ыдырайды. Содықтан құрамында илік заттары бар өсімдіктерге деген қызығушылық күннен күнге артуда [1, 2, 3].

Зерттеу нысандарымыз – Оңтүстік Алтай тау тізбектерінде (Күршім, Азутау, Оңтүстік Алтай, Алтай Тарбағатайы, Сарымсақты және Нарым) жабайы өсетін, құрамында илік заттары бар өсімдіктер.

Зерттеу мақсатымыз – аталмыш таулардағы жабайы өсетін илік өсімдіктердің қорларын зерттеп, оларды тиімді пайдалану жолдарын анықтау.

Зерттеу әдістері – жалпы қабылданған геоботаникалық, ресурстық әдістер. Өсімдік қорларын зерттеу жұмыстары далалық зерттеу мен зертхана жағдайында жасалатын, толық сенімді нәтижелер алуға мүмкіндік беретін әдістерден тұрады. Далалық зерттеуде (экспедициялар кезеңі) құрамында пайдалы өсімдіктері бар, өсімдіктер бірлестіктері анықталып, олардың ботаникалық сипаттамасын береміз. Өсімдіктер бірлестіктерінің түрлік құрамын және таралуын анықтау А.А. Корчагиннің әдістемесі бойынша [4]; өсімдіктер бірлестіктерінде түрлердің тығыздығын анықтау В.М. Понятовскаяның әдістемесін пайдаланып [5]; пайдалы өсімдіктердің табиғи шикізаттық қорын анықтауда 1986 жылғы "Методика определения запасов лекарственных растений" әдістемесімен [6] жүргізілді.

Өсімдіктердің қорларын нақты шоғырларында немесе белгілі бір есептеу телімінде, модельдік экзemplарлар әдістемесімен анықталды. Өсімдіктердің қорларын нақты шоғырларында зерттеу ең анық мәлімет береді, бірақ зерттеу аймағы үшін толық мәлімет бере алмайды. Осы әдіспен анықталған мәліметтерді өсімдік қорларынан шикізат жинау үшін қолданылады, ұзақ уақытқа болжау бере алмайды, мәліметтер тез ескіреді. Анықталған өсімдік қорлары өзгеріп кетуі мүмкін, себебі сол жерлерде егін егіліп немесе құрылыс салынуы, өрт болуы мүмкін тағы да басқа өзгерістер болуы мүмкін.

Екінші әдіс, ол өсімдіктердің қорларын белгілі бір есептеу телімінде анықтау, бұл онша нақты емес,

бірақта толық мәлімет береді. Бұл әдісті өсімдік қорларын алдын ала болжау үшін және шикізат жинауды жоспарлау үшін пайдаланады. Өндірістік шикізат қорларын және бір жылда жинауға болатын мөлшерін анықтау үшін, олардың, яғни әр түрдің қайта қалпына келу кезеңдерін ескере отырып жасалынады [5, 6].

Өсімдік қорларын зерттеу нәтижелері бойынша аталмыш аймақтарда 60-тан астам илік өсімдіктердің таралғанын анықтадық, олар: *Polygonum* L., *Rheum* L., *Rumex* L., *Agrimonia asiatica* Juz., *Chelidonium majus* L., *Origanum vulgare* L., *Hypericum perforatum* L., *Geum urbanum* L., *Jnula helenium* L., *Padus avium* Mill. т.б. [7-9].

Кең таралған мына тұқымдастарға жататын 8 түрлердің қорлары анықталды: *Asteraceae* Dumort., *Fabaceae* Lindl., *Ephedraceae* Dumort., *Onagraceae* Juss., *Rosaceae* Juss., *Saxifragaceae* DC., олардың құрамында илік заттардың мөлшері – 4,6%, *Achillea millefolium* L. жер үсті бөлігінде – 40%, *Sanguisorba officinalis* L. тамырында 4,6%, [7, 8, 9]. Барлық түрлер фармакопоялық, тек *Chamaenerion angustifolium* (L.) Scop., ғана халық медицинасында пайдалынады [10].

Achillea millefolium L., кәдімгі мыңжапырақ (*Asteraceae* Dumort. тұқымдасы) илік заттардың көп мөлшері жер үсті бөлімінде, яғни шөбінде болады және олар қан тоқтататын, тыныштандыратын және суыққа қарсы емдік қасиеттерге ие [11].

Өндірістік қорлары Алтай Тарбағатайының солтүстік беткейінде Шыңғыстай мен Енбек елді мекендердің аралығында анықталды. Жалпы ауданы – 555,0 га болатын жерден кәдімгі мыңжапырақты пайдалануда жер үсті бөлігінің құрғақ шикізат қоры – 171,5 т құрады. Кәдімгі мыңжапырақтың жер үсті бөлігінің жылдық пайдаланудағы көлемі – 57,2 т аспауы керек, ал Оңтүстік Алтай тауында Қарақоба өзенінің жағалауында кәдімгі мыңжапырақтың жалпы ауданы 12,0 га болатын жерден 0,84 т болатын шөбінің құрғақ қоры анықталды (1 кесте) [12].

Bergenia crassifolia (L.) Fritsch., етжапырақты бадан (*Saxifragaceae* DC. тұқымдасы) жапырақтарында – 30,0%, жапырақтары мен тамырында – 28,0% илік заттар барлығымен ерекшелінеді. Суық тигенде, тұтқырлықты арттырады, қан тоқтататын, қатерлі ісік ауруларын емдейтін қасиеттері бар [11].

Өндірістік қорлары Алтай Тарбағатайының жоғарғы бөлігінде, теңіз деңгейінен 2000 м биіктіктегі орман алқабының жоғары жағында Бұрхат асуында кеңінен таралған. Жалпы ауданы – 62,0 га болатын жерде етжапырақты баданның жерасты бөлігін пайдаланудағы құрғақ шикізат қоры – 324,0 т құрайды, ал бір жылдық пайдаланудағы құрғақ шикізатының көлемі қайта қалпына келуін ескере отырып – 32,4 т аспауы керек [12].

Chamaenerion angustifolium (L.) Scop., жінішке жапырақты иван шәй (*Onagraceae* Juss. тұқымдасы), барлық бөліктері илік заттарға бай, негізінде халық медицинасында тыныштандыратын, тырысқақ ауруына және суық тигенде ем ретінде пайдаланады.

Бұл түр өзен бойларында, тау аралық ойыстарда теңіз деңгейінен 600 м-ден 2000-2500 м биіктіке дейін тұтас копа түзіп таралған. Өндірістік қорлары Күршім, Азутау, Сарымсақты, Нарын. Күршім тауында жінішке жапырақты иван шәйдің өндірістік қорлары Ұрынхай және Жоғарғы Еловка елді мекендерінің аралығында тау аралық ойыстарда, жалпы ауданы 250,0 га жерде 117,3 т болып анықталды.

Азутау тауында Білезік, Соболин өзендерінің бойларында Марқакөл көлінің маңында жалпы ауданы – 282,0 га, ал құрғақ шөбінің қоры – 296,1 т болды. Сарымсақты тауында *Ch. angustifolium* жапырақты және қылқан жапырақты ормандардың арасындағы аландарда, төменде шалғынды тау беткейлерінде, бұталардың араларында кездеседі. Жалпы ауданы – 72,0 га, ал пайдаланатын құрғақ шикізат қоры – 56,2 т болып анықталды. Нарын тауында бұл өсімдіктердің қорлары Қалес жайлауында теңіз деңгейінен 1822 м биіктікте кездеседі. Жалпы ауданы – 120,0 га, ал пайдаланатын құрғақ шикізат қоры – 119,0 т болды (1 кесте) [12].

Ephedra equisetina Bunge, қырықбуын қылша (*Ephedraceae* Dumort. тұқымдасы), жасыл жас бұтақтарында 11,2% – дейін илік заттар кездеседі. Аллергияға және жөтелге қарсы, ыстықты түсіретін, денеден тер шығаратын препараттар алу үшін шикізат ретінде қырықбуын қылшаның жасыл жас бұтақтарын қолданады [10, 11].

Бұл түр Азутау мен Нарын тауларында кездеседі, бірақ өндірістік қорлар құрамайды. Азутау тауында қырықбуын қылшаның өндірістік қорлары теңіз деңгейінен 600-800 м биіктіктегі тау беткейлерінде және ұсақ төбелердің ашық қиыршық тасты беткейлерінде анықталды. Жалпы ауданы – 116,0 га, ал пайдаланатын құрғақ шикізат қоры – 464,0 т болды, ал бір жылдық пайдаланудағы құрғақ шикізатының көлемі қайта қалпына келуін ескере отырып – 150,0 т аспауы керек [12].

Filipendula ulmaria (L.) Maxim., шегіршін лабазнигі (*Rosaceae* Juss. тұқымдасы) илік заттардың көп мөлшері негізінде бітеу гүлдерінде (бутондарында) 28,0%-ға дейін болады. Бұл өсімдіктің өт айдайтын,

ағзаны күшейтетін, гемморойға ем ретінде пайдаланады. Асқазан қатты түйіліп ауырғанда, денедегі ісіктерді қайтару үшін, сарыпты (подагра) емдеу үшін пайдаланады [10, 11].

Күршім, Азутау, Алтай Тарбағатайы мен Нарын тауларында шегіршің лабазнигі орман алаңдарында жиі үлкен емес қаулар құрап немесе өзен жағалауларында, таудың шалғынды беткейлерінде кездеседі. Өндірістік қорлары Күршім мен Нарын тауларында анықталған. Күршім тауында бұл түр Қайыңды-бұлақ өзенінің бойында, Ұрынхай мен Жоғарғы Еловка елді мекендерінің арасындағы тау аралық ойыстарда шоғырланып өсіп үлкен қаулар құрайды. *Filipendula ulmaria* жалпы ауданы – 47,5 га, ал пайдаланатын құрғақ шикізат қоры – 41,0 т болды, ал бір жылдық пайдаланудағы құрғақ шикізатының көлемі қайта қалпына келуін ескере отырып – 13,6 т аспауы керек. Нарын тауында шегіршің лабазнигі Майемер шатқалындағы ормандардың алаңдарындағы алаңдарда пайдаланатын құрғақ шикізат қоры 5,0 т, ал жалпы таралған жерінің көлемі 6,5 га болды [12].

Glycyrrhiza uralensis Fisch., орал миясы (*Fabaceae* Lindl. тұқымдасы) жапырақтарының құрамында 2,02-2,33% дейін, ал тамырында 9,5% – дейін илік заттар бар. Мияның тамырынан жасалған препараттар жөтелді, суық тигенді және қақырық түсіретін, ағзаны тазартатын ем ретінде қолданады [11].

Бұл түр Оңтүстік Алтай тауында да кездеседі, бірақ ол жерде өндірістік қорлар құрмайды. Өндірістік қорлары Күршім мен Нарын тауларында анықталды. Күршім тауында Маралды елді мекенінен, 5 км қашықтықта оңтүстік-батысында мияның таза қауларының пайдаланатын қорларын анықтадық, ол 294,0 т құрғақ мияның шикізатын құрады, жалпы таралған жер ауданы – 35,0 га. Нарын тауында мия Жылқыайдар шатқалы мен Балғын, Көктерек елді мекендерінің арасындағы тау аралық жазықтарда кездеседі. Ортақ пайдаланатын құрғақ мияның шикізатының қорлары – 167,5 т, ал бір жылда пайдалануға болатын қоры – 23,9 т аспауы керек. Таралған жерлерінің көлемі – 60,7 га [12].

Sanguisorba officinalis L., дәрілік қандышөп (*Rosaceae* Juss. тұқымдасы), барлық бөліктерінде, әсіресе тамырында илік заттарға бай, тұтқырлықты арттыратын және құрттар қарсы ем ретінде пайдаланады. Оңтүстік Алтай тауларында дәрілік қандышөп.

1 кесте – Оңтүстік Алтай тауларында кездесетін кейбір илік өсімдіктердің қорлары.

Өсімдік атаулары, дайындау бөлігі	Құрамындағы илик мөлшері, % [7, 8, 9]	Жер көлемі, га	Өндірістік қорлары, т (құрғақ салмағы)	Бір жылда дайындауға болатын мөлшері, т (құрғақ салмағы)
	2	3	4	5
<i>Achillea millefolium</i> L. Жерасты бөлігі	4,6	Оңтүстік Алтай		
		12,0	0,84	
		Алтай Тарбағатайы		
		555,0	171,5	57,2
<i>Bergenia crassifolia</i> (L.) Fritsch Жерасты бөлігі	1,7-13,8	62,0	324,0	32,0
<i>Chamaenerion angustifolium</i> (L.) Scop. Жерүсті бөлігі	5,65-20,0	Күршім		
		250,0	117,3	39,1
		Азутау		
		282,0	296,1	98,7
		Сарымсақты		
		72,0	56,2	18,7
		Нарын		
		120,0	119,0	39,0
<i>Ephedra equisetina</i> Bunge Жерүсті бөлігі	11,0	Азутау		
		116,0	464,0	154,7
<i>Filipendula ulmaria</i> (L.) Maxim. Жерүсті бөлігі (соцветия)	28,0	Күршім		
		47,5	41,0	13,6
		Нарын		
		6,5	5,0	1,7

<i>Glycyrrhiza uralensis</i> Fisch. Жерасты бөлігі	7,0-9,46	Күршім		
		35,0	294,0	49,0
		Нарын		
<i>Sanguisorba officinalis</i> L. Жерасты бөлігі	9,5-40,0	60,7	167,5	23,9
		Оңтүстік Алтай		
		135,0	1350,0	168,7
		Алтай Тарбағатайы		
		149,0	1150,0	143,7
<i>Tanacetum vulgare</i> L. Жерүсті бөлігі	3,69-12,0	Сарымсақты		
		250,0	108,7 т	13,5
		Оңтүстік Алтай		
		7,0	4,2	1,5
		Азутау		
		175,0	56,8	18,9
		Нарын		
		5,0	1,5	0,5

тау беткейімен Қарақоба өзенінің тау аралық аңғарында тұтастай жамылғы құрайды (75% жоғары), жергілікті халық бұл жерді «гемморойное долина» деп атайды. Жалпы ауданы – 135,0 га, ал пайдаланатын құрғақ шикізат қоры – 1350,0 т болды, ал бір жылдық пайдаланудағы құрғақ шикізатының көлемі қайта қалпына келуін ескере отырып – 168,7 т аспауы керек [12].

Алтай Тарбағатайының солтүстік беткейінде, Сарыбет шатқалында жалпы ауданы – 149,0 га, ал пайдаланатын құрғақ шикізат қоры – 1150,0 т болды, ал бір жылдық пайдаланудағы құрғақ шикізатының көлемі қайта қалпына келуін ескере отырып – 143,7 т аспауы керек [12].

Сарымсақты тауында *Sanguisorba officinalis* Сарымсақты өзенінің бойында, орман алаңдарында және шалғынды тау беткейлерінде таралған. Жалпы ауданы – 250 га, ал пайдаланатын құрғақ шикізат қоры – 108,7 т болды, ал бір жылдық пайдаланудағы құрғақ шикізатының көлемі қайта қалпына келуін ескере отырып – 13,5 т аспауы керек [12], (1 кесте).

Tanacetum vulgare L., кәдімгі түймешетен (*Asteraceae* Dumort. тұқымдасы) илік заттар көп мөлшерде гүл шоғы құрамында 12,0%-ға дейін болады, өт жолдарын тазалау үшін және құрттарға қарсы пайдаланды [10, 11].

Оңтүстік Алтай, Азутау, Нарын тауларында кәдімгі түймешетеннің өндірістік қорлары анықталды. Бұл түр Оңтүстік Алтай тауларында онша үлкен емес шоғырлар құрып тау өзендерінің бойларында, шалғынды тау беткейлерінде, орман алаңдарында жиі кездеседі. Оңтүстік Алтай тауында кәдімгі түймешетен қалың қаулар құрап өседі (25 м²-тан 0,5 га дейін). Қарақоба өзенінің бойында 7,0 га жер көлемінде 4,2 т дейін кәдімгі түймешетеннің қоры анықталды. Азутауда Білезік өзенінің бойында көлемі 10-30-нан 100-150 м² дейін жерде кәдімгі түймешетен таза қаулар құрап өседі: Азутауда жалпы – 175,0 га жер көлемінде 56,8 т дейін қоры анықталды, бұл бір жылда 19 т дейін шикізат қорын жинауға мүмкіндік береді. Нарын тауында Қалес жайлауында шалғынды шөптер арасында 5,0 га жер көлемінде 1,5 т құрғақ шикізат қорлары анықталды. Бір жылда 0,5 т дейін кәдімгі түймешетеннің шикізатын даярлауға болады (1 кесте); [12].

Зерттеу нәтижелерін қорытындылайтын болсақ Оңтүстік Алтай тауларында 8 кең таралған илік өсімдіктердің қорлары анықталып және әр түр үшін бір жылда дайындауға болатын шикізат мөлшерін анықтадық.

Сонымен шикізат дайындауға перспективті таулар: Күршімде (*Glycyrrhiza uralensis*, *Filipendula ulmaria*, *Chamaenerion angustifolium*); Алтай Тарбағатайында (*Achillea millefolium*, *Bergenia crassifolia*, *Sanguisorba officinalis*); Азутау (*Ephedra equisetina*, *Chamaenerion angustifolium*, *Tanacetum vulgare*), Южный Алтай и Сарымсақты (*Sanguisorba officinalis*); Нарын (*Chamaenerion angustifolium*, *Filipendula ulmaria*).

1. Гемеджисева Н.Г., Мамонов Л.К., Васильев Ю.И., Пономарев Б.Н. Рациональное использование видового разнообразия дубильных растений флоры Казахстана // *Материалы Международной научной конференции: «Актуальные проблемы геоботаники»*, г. Алматы, Казахстан, 11-13 мая 2011 г. – С. 175-179.

2. Cseke L.Y., Kirakosyan A., Kaufman P.B. *Natural Products from Plants* // Boca Raton. – London. New York. 2006. – 611 p.

3. Байтулин И.О., Котухов Ю.А. *Флора сосудистых растений Казахского Алтая*. – Алматы, 2011. – 159 с.

4. Корчагин А.А. Видовой (флористический) состав растительных сообществ и методы его изучения // Полевая геоботаника. Т.3. – М.-Л., 1964. – С. 39-60.
5. Понятовская В.М. Учет обилия и особенности размещения видов в естественных растительных сообществах // Полевая геоботаника. – Т. 3. – М.-Л., 1964. – С. 209-237.
6. Методика определения запасов лекарственных растений. – М., 1986. – 50 с.
7. Михайлова В.П. Дубильные растения Казахстана и их освоение. – Алма-Ата, 1968. – С. 31; 83; 93; 95; 102; 124; 148.
8. Растительные ресурсы СССР: Цветковые растения, их химический состав, использование. Сем. *Hydrangeaceae-Naloragaceae*. – Л., 1987. – С. 9; 45-46; 92-93; 200.
9. Растительные ресурсы СССР: Цветковые растения, их химический состав, использование. Сем. *Asteraceae*. – СПб., 1993. – С. 11-13; 97; 190-191.
10. Список официально признанных лекарственных растений // Руководство по работе с лекарственными растениями. – Алматы, 1999. – С. 95-132.
11. Лекарственные растения Казахстана и их использование. – Алматы, 1996. – 343 с.
12. Айдарбаева Д.К. Қазақстанның оңтүстігі мен шығысындағы өсімдік қорларының қазіргі жағдайы: Биол. ғыл. док. автореф... – Алматы, 2010. – 52 б.

Резюме

Приведены сведения о запасах сырья наиболее распространенных дикорастущих растений, содержащих дубильные вещества, на хребтах Южного Алтая и показаны возможности их рационального использования.

Summary

Data on stocks of raw material of the most widespread wild-growing plants containing tannins on ridges of Southern Altai are resulted. The opportunities of rational use of tannic plants are shown.

УДК 631.527

ИЗУЧЕНИЕ ДИНАМИКИ СОДЕРЖАНИЯ АСКОРБИНОВОЙ КИСЛОТЫ В ПРОЦЕССЕ ХРАНЕНИЯ КЛУБНЕЙ КАРТОФЕЛЯ

И.П. Загриценко – к.б.н., доцент кафедры физиологии и биохимии растений, КазНПУ им. Абая

Большое значение для жизнедеятельности всех живых организмов имеют витамины, т.к. они являются строительными блоками для ферментных систем [1]. К важнейшим витаминам относится аскорбиновая кислота. Витамин С – участник окислительно-восстановительных систем, обеспечивает нормальное протекание жизненно важных процессов в тканях, занимает доминирующее положение во внеклеточной антиоксидантной защите, является важнейшим внутриклеточным антиоксидантом, повышает сопротивляемость организма экстремальным воздействиям, предохраняет от ненужного окисления клеточные мембраны и другие важные органоиды клетки [2, 3].

В процессе хранения содержание витаминов меняется и варьирует в зависимости от объектов. Для правильной балансировки питания необходимо знать содержание витаминов в пище [3, 4]. Одной из важнейших сельскохозяйственных культур является картофель. В клубнях картофеля содержатся белки, углеводы (крахмал – 13,1 – 36,8%, клетчатка, моно- и олигосахариды – глюкоза, фруктоза, сахароза), пектиновые вещества, витамины и минеральные соли [5]. Основным витамином является аскорбиновая кислота (10-54 мг %). В связи с этим изучение динамики изменения содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля в процессе хранения является весьма актуальным.

Целью настоящей работы явилось изучение динамики изменения содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля в процессе хранения.

Объекты и методы исследования

Объектами исследования служили клубни картофеля сорта Невский. В процессе эксперимента были выбраны 3 варианта хранения: 1) контроль ($t = +18^{\circ}\text{C}$, темнота), 2) вариант 1 ($t = +18^{\circ}\text{C} + \text{CO}_2$), 3) вариант 2 ($t = +4^{\circ}\text{C}$, холодильник).

Количественное определение аскорбиновой кислоты проводили упрощенным методом на основании реакции аскорбиновой кислоты с раствором йода в фруктовых и овощных соках [6].

Результаты и их обсуждение

Исследование динамики содержания витамина С в клубнях картофеля проводилось в период с октября по март месяц. На начало опыта (октябрь) содержание аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля составляло 13 мг/100мл, что соответствует (условно) 100%.

Данные по изучению динамики содержания аскорбиновой кислоты в процессе хранения клубней картофеля представлены в таблице.

Содержание аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля

Таблица

Вариант (условия хранения)	октябрь (контроль)	ноябрь	декабрь	январь	Февраль	Март
	мг/100 мл					
Контроль $t = +18^{\circ}\text{C}$ (темнота)	13,0±1,0	9,7±0,5	8,0±1,0	5,3±1,2	3,6±1,0	2,7±0,5
Вариант 1 $t = +18^{\circ}\text{C} + \text{CO}_2$	13,0±1,0	9,7±0,5	9,7±1,0	7,8±0,5	7,0±1,0	6,2±1,0
Вариант 2 $t = +4^{\circ}\text{C}$ (холодильник)	13,0±1,5	12,3±1,3	9,7±0,1	9,7±1,0	8,8±1,0	7,0±1,0

Данные таблицы показаны в виде диаграмм (рис. 1-7). На рисунке 1 показано изменение содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля за первый месяц хранения (ноябрь).



Рис. 1 Сравнительный анализ содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля (октябрь, ноябрь)

Как видно из данных диаграммы, содержания аскорбиновой кислоты уменьшается во всех вариантах: в контроле ($t = +18^{\circ}\text{C}$) и 1 варианте ($t = +18^{\circ}\text{C} + \text{CO}_2$) падает на 25,3%, в то время как во 2 варианте ($t = +4^{\circ}\text{C}$) – только на 5,3%.

Динамика изменения аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля в декабре показано на рисунке 2.




Рис. 2 Сравнительный анализ содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля (октябрь, декабрь)

Из данных диаграммы видно, что и в декабре также наблюдается тенденция к снижению аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля. В контрольном варианте содержание витамина С снизилось на 38,4%, что на 13,1%, чем снижение витамина в ноябре. В 1 и 2 вариантах количество аскорбиновой кислоты снизилось только на 25,3%. Однако в 1 варианте содержание аскорбиновой кислоты не изменилось, по сравнению с ноябрем, в то время как во 2 варианте – упало на 20%.

Определение витамина С в январе показало, что происходит дальнейшее снижение его содержания во всех вариантах (рис. 3).




Рис. 3 Сравнительный анализ содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля (октябрь, январь)

Как видно из диаграммы (рис. 3), происходит более резкое снижение содержания аскорбиновой кислоты в контроле (на 59,2%), в 1 варианте (40%). В то же время как во 2 варианте содержание аскорбиновой кислоты осталось на прежнем уровне.

Данные по изменению содержания аскорбиновой кислоты за февраль показаны на диаграмме (рис. 4).




Рис. 4 Сравнительный анализ содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля (октябрь, февраль)

Следует отметить, что в феврале происходит дальнейшее падение содержания аскорбиновой кислоты в контроле на 72,3%, в 1 варианте – на 46,2%, во 2 варианте – только на 32,3%. В момент завершения опыта (март) отмечено общее снижение содержания аскорбиновой кислоты в контроле на 79,2%, в 1 варианте – на 52,3%, во 2 варианте – 46,2% (рис. 5).




Рис. 5 Сравнительный анализ содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля (октябрь, март)

Данные по изменению содержания аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля в процессе хранения представлены в виде графика (рис. 6).




Рис. 6 Изменение содержания аскорбиновой кислоты в процессе хранения клубней картофеля

Как видно из данных графика (рис. 6) содержание аскорбиновой кислоты уменьшается в процессе хранения клубней картофеля. Однако, в зависимости от условий хранения, количество аскорбиновой кислоты уменьшается в разной степени. В контрольном (+18⁰С) и 1 варианте (+18⁰С+СО₂) в ноябре содержание аскорбиновой кислоты по сравнению с октябрем (100%) упало на 25,3%, в то время как во 2 варианте – только на 5,3%. В декабре содержание аскорбиновой кислоты в контроле уменьшилось на 38,4%, в 1 и 2 вариантах – на 25,3%. В январе наблюдается более резкое снижение количества аскорбиновой кислоты: в контроле – на 59,2%, в 1 варианте – на 40%, во 2 варианте – на 25,3%. В феврале содержание аскорбиновой кислоты в контроле упало на 72,3%, в 1 варианте – на 46,2%, во 2 варианте – на 32,3%. На момент окончания эксперимента в контрольном варианте содержание аскорбиновой кислоты составило 20,8%, в 1 вариант – 47,7%, во 2 варианте – 53,8% от содержания витамина в октябре (100%).

Таким образом, анализ изменения динамики аскорбиновой кислоты в период изучения (октябрь-март) (рис. 5, 6) показал, что наилучшими условиями хранения клубней картофеля является температура +4⁰С (вариант 2). В этом варианте отмечено плавное падение аскорбиновой кислоты от 100 до 53,8%. Следует отметить, что во 1 варианте содержание витамина С падает также более плавно до 47,4%, в то время как в контрольном варианте показана резкое снижение содержания аскорбиновой кислоты с декабря по март (до 20,8%). Общее падение содержания витамина С составляет в контрольном варианте 79,2%, в 1 варианте – 52,3%, во 2 варианте – 46,2%.

Из представленных результатов, лучшими условиями для сохранения аскорбиновой кислоты в клубнях картофеля можно рекомендовать 2 вариант – t=+4 С (холодильник).

1. Романовский В.Е., Синькова Е.А., Витамины и витаминотерапия. Серия «Медицина для вас». – Ростов н/д: «Феникс», 2000, – 320 с.

2. Кольман Я., Рем К. Наглядная биохимия. – М.: Мир, 2000. – 469 с.

3. Проскурина И.К. Биохимия. – М.: Владос, 2004. – С. 33-44.

4. Лоу К. Все о витаминах. – М., 1995.

5. Березовский В. – М., Химия витаминов, 2. изд., – М., 1973; Мату си с И. И., в кн.: Витамины, под ред. Смирнова М.И., – М., 1974, – с. 384-414.

6. Журнал «Химия для школьников» – М., 2009, - №2, – с. 60-64.

Түйін

Бұл мақалада картоп түйінін сақтау процесі кезінде аскорбин қышқылы мөлшерінің өзгеруін зерттеу нәтижелері айтылған. Сақтау кезінде түйінде аскорбин қышқылының тұрақты азайып отыратыны байқалады. Бірақ картопты сақтау жағдайының өзгерту зерттеуде С витаминінің мөлшеріне әсер етеді.

Summary

The paper studied the dynamics of the ascorbic acid content during storage of potato tubers. It is shown that during storage is permanent reduction of ascorbic acid in the tubers. However, changing the storage conditions can affect the vitamin C content in the samples.

АССОЦИИРОВАННАЯ ИММУНИЗАЦИЯ КРОЛИКОВ ПРОТИВ БРУЦЕЛЛЕЗА, САЛЬМОНЕЛЛЕЗА И ХЛАМИДИОЗА

У.М. Нарымбетова – к.б.н., доцент, КазНПУ им. Абая

В последние годы разработано и внедрено в практику множество ассоциированных антигенов, а также методов использований адьювантов, которые дают возможность сочетать более широкий набор биопрепаратов в комбинации в зависимости от сложившейся эпизоотической обстановки [1].

В комплексе профилактических мероприятий при смешанных инфекциях очень важное значение имеет применение нескольких биологических препаратов, иногда в виде убитых антигенов [2, 3].

Поэтому нас заинтересовало применение убитых антигенов с адьювантом-сапонином при ассоциированной иммунизации против бруцеллеза, сальмонеллеза и хламидиоза на кроликах.

Для иммунизации лабораторных животных использовали убитые антигены против бруцеллеза, сальмонеллеза и хламидиоза (антиген из штамма *B. abortus-19*; антиген из штамма *S. typhimurium-274*; инактивированная эмульсин-вакцина). Подопытные животные были иммунизированы моно-, ассоциировано-, ассоциировано с сапонином и одна группа контрольных животных.

До начала и в период опыта проводили клинико-гематологические и серологические исследования.

РА проводили с бруцеллезным и сальмонеллезным антигенами, РСК проводили с хламидиозным антигеном по общепринятым методикам.

Общий белок и белковые фракции определяли рефрактометром по общепринятой методике.

Кровь исследовали по следующим тестам: подсчет количества эритроцитов и лейкоцитов в 1 мм³ крови в счетной камере с сеткой Горяева; содержание гемоглобина по Сали (в мг. %); лейкоцитарная формула крови по Шиллингу. Кровь исследования, как до иммунизации, так и после нее брали у кроликов в одно и то же время из краевой вены уха, утром до кормления.

Наблюдение за клиническим состоянием кроликов велось в течение 60 дней. При этом исследования показали, что общее состояние подопытных животных оставалось удовлетворительным, без видимых отклонений от нормы. Температура у некоторых кроликов I, II, III, IV, V, VI, VII и VIII групп в течение 2-3 дней после прививки повышалась на 1°C. На месте введения антигенов в области спины (несколько сбоку) у животных 7 групп была отмечена местная реакция в виде небольшого уплотненного фокуса величиной 2x4 см, рассосавшего к 14 дню. У животных VIII группы на месте введения антигенов в смеси сапонином образовался воспалительный отек.

При изучении гематологического статуса животных определяли количество эритроцитов, лейкоцитов, гемоглобина, общего белка и белковых фракций, вычислялась лейкоцитарная формула до иммунизации, через 7, 15, 30, 60 дней после нее [2].

У животных, иммунизированных моно- и ассоциировано, после иммунизации отмечалось незначительное увеличение лейкоцитов (до 14 тыс.) и смещение лейкоцитарной формулы в сторону лимфоцитоза. Количество белка и белковых фракций незначительно увеличилось после иммунизации. Содержание общего белка у всех подопытных и контрольных кроликов было в пределах 9-11%, что несколько превышало нормальные показатели. Некоторое повышенное содержание наблюдалось и в процентном содержании альбуминов. Увеличение глобулинов (25-39%) можно объяснить не только факторами кормления, но и воздействием антигенов, вводимых в организм кроликов. Эти гематологические изменения вследствие реактивности организма на инокуляцию антигена (антигена с сапонином) к 60 дню нормализовались.

Для выявления антител были проведены серологические исследования.

Таблица 1. Результаты серологических исследований при моно- и ассоциированной иммунизации кроликов

Группа животных	Животные иммунизированы против	Титр антител после иммунизации			
		Ч/з 7 дней	Ч/з 15 дней	Ч/з 30 дней	Ч/з 60 дней
1	2	3	4	5	6
РСК с хламидиозным антигеном					
I	Хламидиоза		1:8	1:32	1:16
IV	Хламид.+сальмонелл.		1:8	1:64	1:32
V	Хлами д.+бруцелл.		1:16	1:64	1:32

VII	Хламид.+сальм.+бруц.	-	1:16	1:128	1:64
VIII	Хл.+сальм.+бруц.+сапон.	-	1:16	1:128	1:64
IX	Контр.	-	-	-	-
РА с сальмонеллезным антигеном					
II	Сальмонеллеза	1:25	1:100	1:200	1:50
IV	Хламид.+сальмонелл.	1:25	1:200	1:400	1:100
VI	Сальмон.+бруцелл.	1:25	1:100	1:400	1:50
VII	Хламид.+сальм.+бруц.	1:50	1:400	1:400	1:200
VIII	Хл.+сальм.+бруц.+сапон.	1:50	1:400	1:400	1:200
IX	Контр.	-	-	-	-
РА с бруцеллезным антигеном					
III	Бруцеллеза	1:5	1:20	1:40	1:10
V	Хламид.+бруцелл.	1:10	1:20	1:80	1:20
VI	Сальмон.+бруцелл.	1:5	1:40	1:40	1:10
VII	Хламид.+сальм.+бруц.	1:10	1:40	1:80	1:20
VIII	Хл.+сальм.+бруц.+сапон.	1:10	1:80	1:80	1:40
IX	Контр.	-	-	-	-
Примечание: «-» – результаты отрицательные.					

Результаты РСК с хламидиозным антигеном, полученные через 7, 15, 30 и 60 дней после иммунизации свидетельствуют о том, что в сыворотке крови у кроликов I, IV, V, VII и VIII групп комплементсвязывающие антитела обнаруживаются на 15-й день в титрах 1:8 - 1:16. На 30-й день у животных I, IV и V групп титр антител вырос до 1:32 - 1:64, а 60-й день постепенно снижались до 1:16 - 1:32. У кроликов VII и VIII групп на 30-й день титр антител вырос до 1:128. На 60-й день наблюдается снижение титра иммуноглобулинов на вышеуказанный антиген (1:64).

Противосальмонеллезные антитела по показателям РА первые проявляются у кроликов VII и VIII групп на 7-й день после инокуляции антигенов в титрах 1:50, а на 15-й день титр антител вырос до 1:400. На 60-й день наблюдается снижение их до 1:200. У животных II, IV и VI групп вышеуказанные антитела образуются на 7-й день в титрах 1:25 с постепенным нарастанием до 1:200-1:400 к 30 дню. На 60-й день наблюдается снижение титра иммуноглобулинов в разведениях сыворотки 1:50-1:100.

Результаты РА с бруцеллезным антигеном, полученные через 7, 15, 30 и 60 дней после иммунизации, показывают, что в сыворотке крови у кроликов III и VI групп агглютинины обнаруживаются на 7-й день в титрах 1:5, с постепенным нарастанием до 1:40 к 30 дню. На 60 день наблюдается снижение их 1:10. У кроликов V, VII и VIII групп противобруцеллезные антитела образуются на 7-й день в титрах 1:10. На 15-30 дни титр антител вырос до 1:20-1:80. На 60-й день наблюдается снижение титра агглютининов на вышеуказанный антиген (1:20-1:40).

Таким образом установлено, что при ассоциированной иммунизации отсутствует эффект суммации реактогенности испытываемых препаратов, а реактивность организма соответствовала их раздельному введению.

1. Нарымбетова У.М., Толысбаев Б.Т., Кадыров С.О. Ассоциированная иммунизация овец против сальмонеллеза, бруцеллеза и хламидиоза // Практическое руководство. – Алматы, 2001. – С. 33.

2. Нарымбетова У.М., Толысбаев Б.Т. Гематологическое исследования при ассоциированной иммунизации против abortогенных инфекций // Материалы Междунар. конф.: «Актуальные вопросы зоотехнической науки и практики, как основа улучшения продуктивных качеств и здоровья сельскохозяйственных животных». - Тез. докл. – Ставрополь. 2001. – С. 37

3. Нарымбетова У.М., Толысбаев Б.Т., Кадыров С.О. Ассоциированная с сапонимом иммунизация овец против сальмонеллеза, бруцеллеза и хламидиоза // Вестник сельхоз. Науки Казахстана. – Алматы, 2000. – №5. – С. 39-40.

Резюме

Мақалада сальмонеллез, бруцеллез және хламидиозға қарсы өлтірілген антигендермен ассоциативті иммундеу қауіпсіз екендігі көрсетілді. Ол зертханалық жануарлар организмінде жеткілікті түрде тұрақты иммунитет түзеді және өте тиімді.

Summary

In this article was shown the harmless of associated immunization with killed antigens against brucellosis and chlamydiosis. It forés in organism of laboratory animals sufficiently intensive immunity and convenience for use.

ТҮЙЕ – ТҮЛІК ТӨРЕСІ

К.И. Батырова – б.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Р.У. Саимова – оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,

М.Б. Жақсыбаев – б.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Д.У. Сексенова – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Ә.Д. Майматаева – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақта ежелден түйені түліктің төресі деп санаған. Алайда бұл жануардың күтім талғамауына байланысты айтылған сөз болса керек. Түйелер шөлге де, қатты аязға да төзімді болып келеді.

Түйелер сүтқоректілер класының көнтабандылар отрядына, сірітабандылар отряд тармағына жататын күйіс қайыратын жануарлар. Түйелер 30-40 жылға дейін өмір сүреді. Мұның екі түрі бар: қос өркешті түйе «Бактрия түйесі» – Азиядағы (Бактрия) деген көне мемлекеттің атымен аталған. Негізгі өсірілетін жерлері: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Астрахань, Сталинград, Саратов және Чита облыстары, бұрынғы КСРО-да Астрахан түйесі, Қазақстан түйесі, Монғол түйесі деп аталатын негізгі үш тұқымы өсіріледі; бір өркешті түйе «дромадер» (кей жерлерде «дромедар», «нартүйе») деп атайды. Түркменстанда, көбінесе Тәжікстанда, Өзбекстанның оңтүстік аудандарында және Қазақстанның кейбір жерлерінде өсіріледі. Ең көп өсірілетін жері – Қарақұм [1].

Түйе ежелден шөлді-тұзды аймақтардың табиғат жағдайларына жақсы бейімделген, аптап ыстықтарда апта бойына сусыз тіршілік ете алатын бірден-бір түлік. Соған қарамастан оларды жазда күніне 2 рет, қыста 1 рет суару қажет; тұзды-кормек суды жақсы ішеді. Қолайсыз табиғат жағдайларында азық ретінде пайдалану үшін өркешіне артық май жиналады. Түйенің мүйізі, тұяқтары болмайды. Табаны жалпақ және астыңғы жағы сүйелді, жұмсақ көнмен қапталған. Түйенің кеудесінде, тізесі мен тілерсегінде сүйелді, сірілі, түксіз тықыр жері болады. Түйе шөккен кезде сүйелді жерлері, ыстық құмның әсерін сезбейді. Осыған байланысты түйе ыстық құмда шыдап, шөгіп жата береді.

Түйенің тағы бір биологиялық ерекшелігі – қыста қолда бағуды, сапалы азықтандыруды және жылы қораны керек етпейді. Бірақ түйелер жүні қырқылған алғашқы аптада өкпек жел мен жоғары ылғалдылыққа төзімсіз, осы мезгілде олардың жауын-шашын мен суыққа ұрынбауын қамтамасыз ету керек.

Түйенің дене тұрқы ірі, оның салмағы 700-800 кг, мойыны иір және ұзын. Құрғақ далалы, шөлейтті аймақта тіршілік етуге бейімделген. Сондықтан халық түйені «шөл дала кемесі» деп атайды. Түйенің арғы тегі-жабайы түйелер. Түйе бұдан 4-5 мың жыл бұрын қолға үйретілген. Айыр өркешті түйенің үйретілген жері – Орта Азия, сыңар өркешті түйенің қолға үйретілген жері – Африка өңірі. Түйелерді қоспақ түрлеріне, пайдалануына, қанына қарай: аруана, желмая, нар деп бөлінеді.

Түйенің еті мол, жүні биязы болып келеді. Оның терісі, жүні, сүті өте пайдалы. Сүтінен шұбат, қымыран сияқты ұлттық сусындар дайындайды. Түйе сүтінің майлылығы сиыр сүтінен әлдеқайда жоғары. Оның құрамында адам ағзасына қажетті витаминдер өте көп. Түйе сүтінің емдік қасиетіне байланысты, кейбір ауруларға шипа ретінде пайдаланады. Мысалы, шұбаттың өкпе, асқазан, ішек ауруларына, радиацияға қарсы әсері барын анықталған. Шудасы – буын, құяң, бүйрек ауруларына ем [2].

Қазақ халқы ежелден түйенің жүнінен жылы киімдер тоқып, көрпеге салып тұрмыста пайдаланып келгенбіз. Түйе жүнінен жасалған белдігі мен көрпесінен суық тигенде және көптеген ауру түрлеріне ем ретінде де қолданады. Ол адам ағзасын түрлі дерттерден сауықтырып қана қоймай, сонымен қатар ағзаны жасартатын да қасиеті бар. Жас балаларға түйе жүнінен тоқылған шұлық кигізіп, көрпесін жамылдырса, суықтап тоңбайтын болады деп айтып жатады үлкендер. Сондай-ақ түйенің терісінен де аяқ-киім тігеді, таспа, қайыс жасап, ер қаптайды.

Бүгінгі таңда жер шарында 20 миллионнан астам түйе бар. Оның үштен бір бөлігі Африка құрлығындағы Сомали мемлекетінде; ал 3 миллионнан астамы аталмыш құрлықтағы Суданды мекен етеді. Сондай-ақ түйе Азияның Арабия түбегі мен орталық аймағында да кездеседі. Өсіресе шөлді өңірлерде жиі кездеседі.

Негізі түйе шаруашылығынан өнім өндіру; болашағы зор жұмыстардың біріне жатады. Өкінішке орай, бізде асыл тұқымды малдың құндылығын бағалайтын мамандар аздың қасы. Жалпы, түйе сүтінен өндірілетін өнімдер біздің халқымыздың дәстүрлі тағамдары қатарына жатады. Шет елдік түрікмен, өзбек және араб халықтары түйе баққанымен оларда «қазақтың шұбаты» секілді сусын жоқ. Тіл үйірет шұбаттан дәм

татқан шетелдіктердің таңдай қаққаны туралы айтылып жатыр. Ал, егер біз осы өнімдерді экспортқа шығарып жарнамаласақ елімізді шетелдерге әлде де болса танытып, экономикасының өркендеуіне үлес қосқан болар едік [3].

Дегенмен, бізде мал шаруашылығын дамытуда түйеге деген көзқарас, әлі де болса өз деңгейіне жетпеген сияқты. Біз негізінен ірі қара, жылқы және қой шаруашылығын асылдандыруға көп көңіл аударып, ал қалғанын естен шығарып алғандаймыз.

Елбасының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауы аграрлық секторда еңбек өнімділігін 2014 жылға қарай 2 есе, ал, 2020 жылға қарай 4 есе арттыру арқылы мал шаруашылығын дамытып, ет экспортын молайту міндетін қойды. Бұл бағытта тек қана ірі қара, жылқы мен қойдан басқа түйеден өндірілетін өнімдердің маңыздылығын ескергеніміз жөн болар еді. Осы салаға аса назар аударып, сонымен қатар асыл тұқымды түйелердің санын көбейтуді алға мақсат ету керек сияқты.

Өткен ғасырдың 30 жылдары Одақ көлемінде жүргізілген санақ барысындағы нәтижелерге сүйенсек осы ең үлкен жануардың саны 1 млн. 700 мың басқа жеткен. Соның басым бөлігі, нақты айтқанда, 1 млн. 200 мыңы қазақ халқына тиесілі болған. Сондықтан, Қазақстан түйе малын көптеп өсіретін ел ретінде мемлекетке жыл сайын 6 мың тоннаға жуық ет, 5 мың тоннадан астам шұбат және мыңдаған тонна жеңіл, әрі жылы келетін ойсылқара жүнін өткізіп отырған. Десек те, 1930 жылдардағы аштық, онан кейінгі соғыс жылдары бұл жануардың да саны күрт кеміп кетеді.

Ал өткен ғасырдың 80-ші жылдарының екінші жартысында Одақ аумағында тіркеуге алынған түйе түлігінің 50 пайызы Қазақстанның меншігінде болған. Бірақ азайып, қайта көбейген осы санның өзімен-ақ еліміз әлемдегі түйе шаруашылығын өрістетіп отырған іргелі мемлекет ретінде таныла білген. Енді тоқсаныншы жылдары мал біткен бәрі мемлекет меншігінен жеке меншіктің қолына көшкен кездері, түлікті ұқсатып ұстай алмағанның салдарынан тағы да түйенің саны азайды [3].

Еліміз Егемендікке жетіп, халықтың әл-ауқаты жақсарып, сонымен қатар түйенің дамуына табиғатымыздың қолайлы келуіне байланысты өрісіміз ойсылқарамен толықтырыла бастады. Қазірде түйе төлінің өнуіне қолайлы шөл және шөлейтті өңірлер – Маңғыстау, Атырау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарымен қатар соңғы жылдары Алматы, Қарағанды өңірлерінде де осы шаруашылықпен айналыса бастаған. Мәселен, Алматы облысы, Ақши ауылындағы бір ғана шаруашылық мыңдаған түйе ұстап, Алматы аумағын шұбатпен қамтамасыз етуде.

Деректерге қарағанда, 2004 жылы елімізде 125,7 мың түйе болса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 158,6 мыңға яғни, 26 пайызға артқан. Республикадағы түйенің 80 пайызы немесе 46,5 мыңы Маңғыстау, 31,4 мыңы Атырау, 28,1 мыңы Қызылорда, 16,6 мыңы Ақтөбе облыстарына тиесілі. Ал салыстырмалы түрде айтсақ, қазірде Қазақстандағы жылқының саны 1,5 млн. болса, түйенің басы 170 мыңнан ғана асады. Өлбетте, бұл 180 млн. гектарлық жайылымы, оның 70 пайызға жуығы шөлейтті аймақтағы өріс болып табылатын еліміз үшін аздық етеді. Әсіресе, бау-бақша, егін егу ісімен айналысуға қолайсыз аймақтарда су мен шөпті талғамайтын (түйенің тұзды суды ішіп, жантақты қорек ететінін ескерсек) жануарды көптеп өсіру анағұрлым пайдалы.

«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ-нің» ғылыми қызметкері М.Тоқановтың пікірінше, елімізде кемінде 2 млн. бас түйе ұстауға мүмкіндік бар. Бүгінде шұбатты қазіргі заманғы өндіріске бейімдеп, сусынның ұнтақ, әрі таблетка түрін ойлап тапқан ғалымдар түйе санын арттырумен бірге, шұбат өндірісін де өркендетіп, көл-көсір пайда табуға болатынын алға тартады. М.Тоқанов: «Бір тонна мұнай өндіру үшін оны мыңдаған метр тереңдіктен сорып алу керек. Сөйтіп, оны мыңдаған шақырым жердегі зауытқа жеткізіп, өндейді. Онан кейін жанар-жағармай ретінде қалыптаспаған сол шикі мұнайды экспортқа шығарады. Орта есеппен алғанда, мұндай мұнайдың 1 тоннасы 55-60 мың теңге тұрады. Ал шұбаттың 1 литрі 400-450 теңге аралығында. Тіпті, Алматы мен Астана қалаларында ойсылқараның 1 литр шұбаты 500-700 теңгеден саудалануда, ал енді оны экспорттайтын болсақ, оның құны кемінде 2000 теңгеге бағаланады. Демек, шұбаттың 1 тоннасы 2 млн. теңге бағаланып, оның құны мұнайға қарағанда 30-40 есе қымбат болар еді» – делінген.

Осы ҒЗИ-тің мамандары шұбатты шетелдерге шығаруды мақсат еткен. Бір-екі күнге ғана шыдайтын сусынның дәстүрлі түрінен сақталу мерзімі анағұрлым ұзақ шұбат ұнтағы мен таблеткасын ойлап тапқан. Осыған орай, 1 литр шұбаттан 87 грамм ұнтақ, ал ол ұнтақтан 42 таблетка алған. Бір артықшылығы ұнтақ пен таблетка шұбаттың құнарлылығын, дәмін және құрамын өзгертпеген [3].

Осындай қолда бар алтынның қадіріне жетіп, табыс табуды көздеген біздің кәсіпкерлерге зор мүмкіндік туып тұрған сияқты. Сондықтан, әрбір азамат өз территориясында тіршілік ететін кез-келген жануарлардың қорын сақтаса болашаққа деген үмітіміз арта түседі.

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2006, 8-том, – 555 б.
2. Сәттімбеков Р., Әлімқұлова Р. Қызықты биология. Жануарлар әлемі. – Алматы, 2011, – 76-79 бб.
3. Дала мен қала – газеті. Бөлім экономика. 07 ақпан, 2011. - №5 (358), – 11 б.

Резюме

В данной статье дано биологические особенности верблюда, а также полное сведение продукциях значение в природе которой получают от верблюда. Шерсть, шкура молоко верблюда очень полезно. Из молоко верблюда приготавливают различные национальные напитки шубат, кымыран. Жирность молока верблюда содержится много витаминов необходимое для организма человека. Верблюжье молоко имеет лечебные свойства.

Summary

In this article, given the biological peculiarities of the camel, as well as the complete mixing of products value in the nature of which is produced from the camel. Fur and pelt the milk of the camel is very useful. From the milk of the camel is prepared various national drinks shubat. The fat content of the milk of the camel contains a lot of vitamins necessary for the human organism. Camel is milk has therapeutic properties.

УДК 661.631:66

**СТАТИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЗАГРЯЗНЕНИЯ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ
ТВЕРДЫМИ ПРОИЗВОДСТВЕННЫМИ ОТХОДАМИ И ВОЗМОЖНОСТИ ИХ
ВТОРИЧНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ**

Р.Х. Тургумбаева – д.т.н., КазНПУ им. Абая;

М.Н. Абдикаримов – д.х.н., КазНТУ им. К.И. Сатпаева,

Х.Х. Тургумбаева – д.т.н., КазНТУ им. К.И. Сатпаева

В оценке последствий промышленного воздействия на природу важное значение имеет выявление допустимых масштабов этого воздействия, при которых оно не причинило бы вреда человеку и природе. Любое промышленное воздействие на природу характеризуется ответной реакцией со стороны окружающей среды. Поэтому регламентация антропогенных факторов окружающей среды составляет необходимое условие обеспечения и сохранности экологического равновесия в системе «человек-природа»

Наращивание производства и введение новых объектов требует оценки воздействия действующего промышленного предприятия на окружающую среду. Кроме того, в связи с нестабильным в последние годы выпуском фосфора, что определяется периодом нестабильного спроса на него, объем выпускаемой продукции снижен по сравнению с советским периодом. В силу этих причин представлялось необходимым определить зависимость количества загрязняющих веществ от объема выпускаемой продукции. С этой целью был проведен статистический анализ.

Для осуществления анализа были использованы методы математической статистики. Составление математической модели проведено с помощью методов корреляционно-регрессионного анализа.

Первым этапом составления математической модели рассматриваемых химических предприятий явилось построение корреляционных полей зависимости количества загрязняющих веществ от объема выпускаемой продукции. Затем проведен их анализ. По результатам данного анализа были выдвинуты гипотезы существования зависимости количества твердых отходов от объема производимого фосфора. Далее были составлены линейные уравнения регрессии на основе метода наименьших квадратов [1, 2]. На основе полученных результатов корреляции и значимости величин R -квадрат и критерия Стьюдента ($t_{ст}$) выдвинутые гипотезы были подтверждены, либо отвергнуты. Проверка адекватности полученных уравнений проведена по величине критерия Фишера (F).

Исходным статистическим материалом для проведения анализа служила выборка с объемом измерений с 1989 по 2002 гг. в режиме нормальной эксплуатации предприятия по производству фосфора.

Основные твердые загрязняющие вещества представлены главным образом «коттрельным молоком», термическим шлаком.

Статистический анализ был проведен нами через выявление регрессионных уравнений зависимости выходов образующихся выбросов и отходов от уровня производства фосфора. Таким образом, отдельное уравнение, характеризующее загрязнение окружающей среды, было определено для каждого вида отхода производства от объема производимой предприятием продукции.

На рисунках 1 и 2 представлены корреляционные поля зависимости твердых отходов «коттрельного молока» и термического шлака от объема фосфора, выпускаемого предприятием по переработке фосфоритной мелочи. Вид полученных корреляционных полей указывает на линейную вероятностную зависимость исследуемых величин, заключающуюся в том, что при возрастании объема выпускаемой продукции линейно увеличивается количество твердых отходов. Полученные результаты указывают на наличие между количеством твердых отходов и объемом выпускаемой продукции ярко выраженной положительной, близкой к линейной функциональной, корреляции.




Рисунок 1 – Зависимость количества «коттрельного молока» от объема производимого фосфора




Рисунок 2 – Зависимость количества термического шлака от объема производимого фосфора

На рисунке 3 представлено корреляционное поле зависимости твердых отходов от объема, выпускаемого фосфора предприятием по переработке кускового фосфорита.






Рисунок 3 – Корреляционное поле зависимости количества твердых отходов от объема производимого фосфора

Вид полученных полей корреляции позволяет выбрать уравнение регрессии вида:

$$y = b_0 + b_1 x, \tag{1}$$

Коэффициенты линейного уравнения регрессии определены по методу наименьших квадратов. После нахождения линейного уравнения регрессии проведен статистический анализ результатов, заключающийся в проверке значимости всех коэффициентов в сравнении с ошибкой воспроизводимости и адекватности уравнения. Оценка значимости коэффициентов проведена по величине критерия Стьюдента: $t_{cm} = b_j / S_{b_j}$, где b_j - j-й коэффициент уравнения регрессии; S_{b_j} - среднее квадратичное отклонение j-го коэффициента.

Данные, полученные статистическим методом, представлены в таблице 1. Видно, что для всех газобразных выбросов количество выпускаемого фосфора является статистически значимым, так как расчетные величины критерия Стьюдента выше табулированного значения $t_{cm} = 2,2$ при интервалах уверенности 95% и числе степеней свободы $f=11$.

Данные статистического анализа по твердому отходу – «коттрельному молоку» показывают, что для данного вида отхода фосфор не является значимой величиной, так как $t_{cm} = 1,15$, что меньше табулированного значения в интервале уверенности 95% и величине числа степеней свободы $f=11$.

Таблица 1 – Значения коэффициентов корреляции выбросов и критериев их оценки

Наименование выброса	R-кв.	Коэффициенты		t_{ct} , Критерий Стьюдента	F, Критерий Фишера
		b_0	b_1		
Отходы предприятия по переработке фосфоритной мелочи					
«Коттрельное молоко»	0,21	5,36	0,00014	1,15	1,33
Термический шлак	0,99	-6,12	0,0096	30,53	931,8
Отходы предприятия по переработке кускового фосфорита					
Твердые отходы	0,80	-159,19	57,01	8,33	69,34

Величина R-квадрат значительно ниже 1, что указывает на нелинейный характер зависимости между величинами x и y. Коэффициенты уравнения составляют: $b_0 = 5,36$; $b_1 = 0,00014$. Уравнение линейной регрессии, имеющее вид:

$$y = 5,36 + 0,00014x, \tag{2}$$

где x – объем фосфора,

y – количество «коттрельного молока» не является адекватным эксперименту, так как $F = 1,3$, что ниже $F_{\text{таб.}} = 2,95$ и, следовательно, не может быть использовано, так как выход коттрельного «молока» не является, в данном случае определяющим фактором в производстве фосфора. Причиной тому могут быть технологические параметры, так как при работе печи на максимальной мощности гидродинамические процессы протекают не в оптимальном режиме.

Для другого твердого отхода, шлака термического, статистический анализ определяет значимость выпуска предприятием фосфора: ($t_{\text{см.}} = 30,53$), что значительно выше табулированного значения $t_{\text{см.}} = 2,2$. Величина R -кв. (0,99) близка к единице, что определяет линейный характер зависимости количества данного вида отхода от выпуска готового продукта. Величины коэффициентов составляют: $b_0 = -6,124$; $b_1 = 0,01$. Уравнение регрессии имеет вид:

$$y = -6,124 + 0,01x, \quad (3)$$

где x – объем фосфора, y – количество термического шлака.

Обобщение результатов математического моделирования твердых отходов (термический шлак) адекватны эксперименту, тогда как уравнение регрессии для «коттрельного молока» является некорректным.

Для твердых отходов производства предприятия по переработке кускового фосфорита статистический расчет показывает, что объем фосфора является значимой величиной, поскольку значение критерия Стьюдента $t_{\text{см.}} = 8,33$ выше табличного $t_{\text{см.}} = 2,09$. Уравнение имеет вид:

$$y = -159,196 + 57,0166x, \quad (4)$$

где y – количество твердых отходов.

Величина критерия Фишера $F = 69,34$ тогда как при числах $f_1 = 18$, $f_2 = 17$ величина $F_{\text{таб.}} = 2,3$. Следовательно, уравнение соответствует экспериментальным данным.

Таким образом, полученная математическая модель от одной переменной, позволяющие определить уровень загрязнения окружающей среды термическим шлаком в зависимости от объема производимого фосфора, может быть рекомендовано для оценки влияния промышленного предприятия на окружающую среду.

В настоящее время особенно острой становятся вопросы оздоровления экологической обстановки промышленных регионов, поскольку твердые отходы предприятий занимают огромные площади и наносят вред окружающей среде, поскольку они не перерабатываются и эта проблема становится все более угрожающей [3-5].

Одним из направлений развития безотходных и малоотходных производств является разработка и внедрение систем переработки твердых промышленных отходов фосфорной промышленности.

В связи с этим нами были проведены исследования с использованием фосфорного шлака для получения покрытий. Технические параметры покрытий определяются следующими параметрами: пределом прочности при разрыве, относительным удлинением, твердостью по Шору А, эластичностью по отскоку и др.

В таблице 2 представлены результаты физико-механических испытаний монолитных покрытий по основным характеристикам: твердости по Шору А и эластичности по отскоку.

Таблица 2 – Результаты испытаний монолитных композиций

№ п/п	Шифр смеси	Твердость по Шору А, усл. ед.	Эластичность по отскоку, %
1-118	ВА-ДМ Резиновая крошка Фосфорный шлак Каолин СКС-50-ГП ОП-7 Аэросил Сера SnCl ₂ ·2H ₂ O ДОДФС	74	12

2-119	СКТН-А Каолин Резиновая крошка Отвердитель К-18 Фосфорный шлак Кубозоль голубой «К»	52	43
3-120	ВА-ДМ Р-136 Резиновая крошка Тефлон Поливинилхлорид Малеиновая кислота Фосфорный шлак Аэросил Сера ПЭФ-ЗА ПЭПА ДОДФС	74	20
4-121	ПЭФ-ЗА ПЭПА Фосфорный шлак SnCl ₂ · 2H ₂ O Р-136 Резиновая крошка Сера	40	20

Примечание: СКТН-А – метилфенилсилоксановый каучук; К-18 – лаурилкаприлат олова; ВБ:АН – сополимер винилбромида-акрилонитрида; ПЭФ-ЗА – эпоксицированный каучук; Клей ПВА – поливинилацетатный клей; ПЭПА – полиэтиленполиамин; ДОДФС – 4,4'- диоксифенилсульфон; ВА-ДМ – сополимер винилацетата с дибутилмалеинатом; СКС-50-ГП – бутадиев-стирольный латекс; Р-136 – латекс для пропитки корда покрышки ПО «Шымкент шина»; ОП-7 – высший спирт – поверхностно-активное вещество (ПАВ); Глина №2 – Fe₂O₃ – 8%.

Установлена хорошая совместимость латексов СКС-50-ГП с ВА-ДМ, характеризующаяся кинетической и агрегативной устойчивостью.

Фосфорный шлак способствует понижению эластичности до 20% (композиция №3-120), совместно с каолином способствуют повышению значений твердости по Шору А до 52 усл. ед. и эластичности по отскоку – 43% (состав 2-119). Наибольшей твердостью обладают образцы композиций (1-118 и 1-120) твердость которых составляет 74 усл. ед.

Выводы

1. Обработкой опытных данных методами классического регрессионного и корреляционного анализа получены приближенные уравнения регрессии, которые могут быть рекомендованы для оценки и прогнозирования загрязнения окружающей среды твердыми отходами химических предприятий.

2. Изучена возможность получения монолитных спортивных покрытий с использованием твердых отходов химической промышленности.

1. Ахназарова С.Л., Кафаров В.В. Оптимизация эксперимента в химии и химической технологии. – М.: Высшая школа, 1978. – 319 с.

2. Peter Kennedy. A Guide to Econometrics. – Massachusetts: The MIT Press Cambridge, 1992. – 410 p.

3. Черн О.М., Винниченко В.Н. Проблема твердых бытовых отходов: комплексный подход. – М.: Эколайн, 1996. – 48 с.

4. Сметанин В.И. Защита окружающей среды от отходов производства и потребления. – М.: Колос, 2003. – 230 с.

5. Хандогина Е.К., Герасимова Н.А., Хандогина А.В. Экологические основы природопользования. – М.: Форум-Инфра, 2007. – 158 с.

Түйін

Өнеркәсіпті кәсіпорының қатты қалдықтарының шығарылған фосфор көлеміне қатынасы статистикалық әдіспен қарастырылған. Регрессиялық-тендеулері алынып, бұл қоршаған ортаның ластану дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Қатты және эластикалық қасиеттері бар композицияларды алуға мүмкіндік анықталды.

Summary

Through correlation-regression analysis, regression equations of the dependence solid wastes from the volume of produced phosphorus were determined. Obtained equations allow evaluation of the environmental pollution by the solid wastes of industrial enterprises. Determined possibility to obtain elastic and solid compositions.

ӨОЖ 628.1033.085

АУЫЗ СУДЫҢ РАДИОАКТИВТІ ЭЛЕМЕНТТЕРМЕН ЛАСТАНУЫ

Ж.Ә. Шоқыбаев – п.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ,

Қ.Т. Толипбекова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің I курс магистранты.

Ауыз судың радиоактивті элементтердің қалдықтардың ластануы – адамзат баласының алдында тұрған үлкен мәселенің бірі болып есептелінеді. Кейінгі жылдары ауыз сулардың радиоактивті элементтердің қалдықтарымен ластануы адамзат баласына айтарлықтай қауіп төндіруде. Ауыз сулардың әр түрлі радиоактивті элементтердің қалдықтары – стронций-90, цезий-полоний-уран және тағы басқа улы қосылыстармен ластануы жыл өткен сайын артуда. Сондай-ақ суда неше түрлі нитраттар, фосфоридтер, гербицидтер, дефолианттар, десиканттар және басқада неше түрлі улы қосылыстардың мөлшерден тыс көбейгені соншалық кейбір өзен мен көл суларын ауыз су ретінде пайдалануға болмайтыны анықталып отыр. Олардың зиянды әрекеттер жаңадан дүниеге келген сәбилердің 20-30 проценті кемтар болып туатыны анықталды [1].

Радиоактивті элементтердің қалдықтары термоядролық сынақ процестерін өткізген жерлерде өте көп мөлшерде болатынын ғалымдар толығымен анықтап шықты. Әсіресе бұл проблема халық өте көп және жиі орналасқан аймақтарда үлкен қалалардың маңайында жинақталған елді мекендерде тым үлкен орын алып отыр.

Радиоактивті элементтер өзен сулары мен көл, теңіз, мұхит суларын мөлшерден тыс ластайтыны кейінгі кезде толығымен анықталды. Тұщы сулардың ластануы – қоғам алдында тұрған өзекті мәселе. Кейінгі жылдары ауыз судың ластануы адамзат баласының басына айтарлықтай қауіп төндіруде, ауыз судың ластануы туралы көп айтуға болады. Бұл нағыз апат. Бірақ дүниежүзілік мұхиттың ластануы бұдан да қатерлі болып табылады [2].

Планетаның радиоактивті улануы – қалың жұртшылыққа басқа қауіп-қатерден гөрі жақсы таныс. Оны Семейдегі әскери полигоннан жақсы көруге болады. Бұл түсінікті де. Жапониядағы атом бомбасының жарылу қасіретінің салдарынан апат болған адамдарды сипаттап жазу, атмосферадаға ядролық қаруларды сынауға қарсы шығуы біздің міндетіміз. Ядролық жарылыстың зәрлі сәукелесі бірде-бір сауатты және саналы адамзат баласын тыныш қалдыра алмайды. Радиациялық қауіп-қатер түгелдей жойылмай отыр. Әлі күнге дейін ядролық сынақтар тоқталған жөн. Лобнор полигондағы ядролық сынақтар күні бүгінге дейін тоқталған жоқ.

Ядролық жарылу кезінде көптеген радиоактивті сәулелену бөлініп шығады. Ол радиоактивті элементтердің ыдырауынан пайда болады. Олардың жартылай ыдырау процесі өте ұзаққа созылатын құбылыс. Мәселен, цирконийдің-93, ыдырау мөлшері миллион жылға созылса, ал цезий-137-тікі үш миллион жылдан асады. Өзмізді радиоактивтік қалдықтардан қауіпсіз ете отырып, кейінгі ұрпақтарымыз үшін біз мейлінше қисапсыз да көп жұмыстар жасап отырмыз [3].

Суға түскен органикалық заттардың ыдырауы ең алдымен аэробты (ауамен) тыныс алатын микроорганизмдердің қатысуымен іске асады. Ол үшін суда еріген көп мөлшерде оттегі қажет. Әрине, бұл процесс органикалық қоспалар белгілі мөлшерде түскенде ғана қалыпты өтетіні белгілі.

Суды ластайтын заттардың көлемі артқан сайын оны ыдыратуға өте көп мөлшерде оттегі жұмсалады. Бұл оттектің судағы концентрациясын азайтады. Және сонымен бірге ыдырау процесін оттегісіз жүргізетін анаэробты микроорганизмдердің санының артуына жағдай жасайды. Бұл жағдайда түзілетін заттардың сапасы бөлек. Онда метан, аминдер, күкірт және фосфор улы қосылыстары пайда болып су борси бастай-

ды. Оттектің азаюымен улы химиялық қосындылардың көбеюі бірінші кезекте. Су ішінде тіршілік ететін организмдердің, балықтардың қырылып қалуына жағдай жасайды. Су өсімдіктерінде жойылып кетеді. Сөйтіп, бай тіршілік ортасы – су біртіндеп кедейленіп кетеді. Ең ақырында судың ластануының зардабын адамзат баласының өзі және оның шаруашылық қажеттері тартады. Оның зардаптарының бүкіл тіршілік үшін және адамның өз денсаулығы үшін және тіршілік иелері үшін қаншама ауыр жүк екендігін түсіндіру керек. Сондықтан қазіргі уақытта барлық елдерде суды тазарту бірінші кезекте қолға алынған [4].

Суды технологиялық пайдалану процесінде оның ластануын болдырмауға қол жете бермейді. Сондықтан да суды тазалайтын құралдар мен техниканың маңызы ерекше болуға тиіс. Суды тазалаудың негізгі жолдары үш категорияға бөлінеді. Олар: физикалық, химиялық және биологиялық категориялар.

Физикалық тазарту – алуан түрлі қалдықтардың мөлшерін түрлі торларды, електерді майұстағыштар, және тағы басқаларды пайдаланады. Физикалық тазарту арқылы тұрмыстық қалдық суларды тазартуға болады. Кең қазылған тоғандардың суды тазалаудағы ролі арасан зор. Мұндай ауыр бөлшектер төмен шөгерді. Ал жеңіл заттар су бетіне қалқып шығады.

Химиялық тазарту – бұл әдіс ластағыштармен реакцияға түсіп ерімеген коллоидтық және ішінара еріген заттардың ыдырауына көмектесетін реагенттерді қалдық суларға қосуға негізделінген. Неше түрлі химиялық препараттарды да пайдаланады. Мысалы, иониттерді су тазалауға кеңінен қолданылады.

Биологиялық тазарту – бұл су тазалау әдісі көптеген пайда әкеледі. Ол үшін неше түрлі микроорганизмдерді пайдаланады. Олар судағы зиянды жұқпалы ауру тарататын бактерияларды жойып жіберіп отырады. Биологиялық тазарту тәсілдері аэробты биохимиялық процестердің көмегімен қалдық сулардың органикалық ластағыштарын минералдан тұрады. Олар табиғи немесе жасанды жағдайда жүзеге асырылады. Бұл әдіс микроорганизмдердің қалдық суларындағы органикалық заттарды қорек үшін пайдалану қабілетіне негізделген. Оттектің қатысуымен болатын биологиялық тотығу нәтижесінде органикалық лас заттар минералданады. Түзілген минералдық қосылыстар микроорганизмдердің (аэробты микроорганизмдердің) тіршілік қызметі арқасында массасыда ұлғая түседі [5].

Атом технологиясының зиянды, адамға айналадағы сыртқы ортаға қауіпті факторлері болу мүмкіндігі табиғи нәрсе. Бірақ ғалымдар мен арнаулы мамандар атом өнеркәсібі дамуының ең алғашқы бастамасынан ядролық сәулеленуден қорғаудың тиімді жүйелерін жасап келеді. Және қауіпсіздіктің барлығын іс жүзінде шешу жолдарында ғылым зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Иондалатын сәулеленудің зиянды әсерін адамзат баласына қызмет етуге жұмылдыруға болама деген сұрақ бірден пайда болуда. Бұған болады деп жауап қайтаруға мүмкіншілік туады. Атом энергиясын қазірдің өзінде ауыл шаруашылығында оның көптеген салаларында еолдауға болатыны байқалып отыр. Ауыл шаруашылық өнімдерін арттыру саласын жақсарту, жаңа сорттар шығару үшін тиімді материалдар алу мақсатында өсімдік пен мал шаруашылығында және олардың иммунологиялық сәйкестігін жоюға стимул жасайтын тиімділік тіршілік әрекетіне әсер ететін құрал ретінде иондалатын сәулеленуді қолданады. Иондалатын сәулелену кейбір техногиялық процестерге қолдану (дайын өнімдерді сақтау мерзімін ұзарту, консервлеу, жемшөп сапасын жақсарту, мал шаруашылығы мен мал дәрігерлері үшін бұйымдар мен препараттарды стерилдеу үшін және т.б.) қолданады. Насеком зиянкестерге және өсімдік пен мал ауруларын тарататындарға қарсы күресте иондалатын сәулеленуді пайдаланады [6].

Ауыл шаруашылығын өркендету қарқынын тездету оны интенсификациялау маңызы ерекше міндет болып саналады. Елімізде ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайту оның өзіндік құнын кеміту, сапасын жақсарту бағдарламасы бірте-бірте жүзеге асырылуда. Бұл жолда барлық резервті пайдалану керек. Ол үшін бұл салада еліміздің ауыл шаруашылығы ғылымы мен практикасы ауыл шаруашылығы өндірісінде революциялық өзгерістер жасайтын жаңа идеяларға мұқтаж екендігі белгілі болып отыр.

Ауыл шаруашылығында атом ғылымы мен техника, радиобиология жетістіктерін қолдану ауыл шаруашылығында салаларын дамытудың жаңа ақиқат факторлерінің бірі болып саналады. Іргелі радиобиологиялық зерттеулерді дамыту иондалатын сәулеленудің көмегі арқылы өсімдік пен мал организмдерінің өміршеңдігін ғылыми негізде басқаруға шын мағынада жағдай жасайтындығын атап өтсекте жеткілікті. Бұл ең алдымен техногияның жаңа түрі – радиациялық биологиялық технологияны өркендетудің жаңа нақты негізін қалады. Қазір ол медицинада, ауыл шаруашылығында, мал шаруашылығында, балық өсіру шаруашылығында, айналаны қоршап отырған ортаны қорғауда өнеркәсіптің тиісті салаларында қолданады.

Кең мүмкіндіктер ашып отырған атом энергиясының байлығы адамдардың пайдасы мен игілігіне жұмсалыуымен бірге осы заманғы ғылым мен техниканың жағдайы жөнінде көп нәрсені белгісі келетіндері де қызықтырады:

Радиоактивтілікті ғылыми тұрғыдан зерттеу атом мен оның ядросы, қалай құрылғанын жақсырақ түсіндіруге, иондалатын сәулелену көздері мен радионуклидтерді ашуға ядро реакторларын кеңінен өндіретін фабрикаларды құруға, ғылым мен халық шаруашылығының көптеген салаларының дамуына зор әсер етеді.

Радиобиологияда және атом ғылымы мен техникада іргелі зерттеу тірі организмдермен немесе тегі биогендік шикізатқа байланысты түрлі сфера құбылыстарында атом ядросының энергиясын қолданудың көптеген жолдары анықталды. Тіпті, ХХІ ғасырдың маңызы зор үлкен ғылыми жетістіктерге қол жетіп отырғанын өзінде атом ядросының энергиясын пайдалану қазіргі заманда соншалықты маңызды оның әсері көптеген құбылыстарда білінеді. Осының ішінде өмір сүруді қамтамасыз ететін әлемдік мәселелерді шешуде әсері зор болып отыр.

1. Рузалин Г.И. Концепция современного естествознания. – М., 1997.
2. *White Light/Black Rain: The Destruction of Hiroshima and Nagasaki* (2007) – HBO documentary showing how many teenage Japanese are ignorant of what happened in 1945. Also includes some American atomic veterans.
3. *K-19: Doomsday Submarine* (2002) – TV documentary about Russia's disastrous first nuclear submarine.
4. Қасымбекова Қ. «Қоршаған ортаны қорғау-адамзаттық міндет» Заман Қазақстан 2002 ж 4 қазан №40, 6 б.
5. *The Last Atomic Bomb* (2006) – documentary about the fate of the survivors of Nagasaki 1945.
6. Бейсенова Ә.Б «Экология және табиғатты тиімді пайдалану» Оқу құралы. – Алматы, 2004 ж.

Резюме

В этой статье приводятся данные о загрязнении питьевой воды отходами радиоактивных веществ и их влияние на человеческую жизнь и на другие организмы. Приводятся методы очистки питьевой воды от радиоактивных веществ с разными технологическими способами.

Summary

This article presents data on drinking water zaryaznenii radioactive waste and its impact on human life and on other organisms. Privadatsya methods of cleaning drinking water from radioactive substances with different processing methods.

УДК: 612.018.07 + 29.11.55.

АРАЛ ӨңІРІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНЕ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДИНАМИКАСЫ

А.М. Бабашев – проф., Абай атындағы ҚазҰПУ,

Қ.Қасымбаева – доцент, «Дарын» ӘГИ,

М.О. Елікбаева – ізденуші, Абай атындағы ҚазҰПУ

Денсаулық көрсеткіштерінің экологиялық қауіпті аймақтардың тұрғындарындағы жағдайы Қазақстан ғылымы мен қоғамын ерекше алаңдатары бәрімізге мәлім. Олардың саулығын денсаулық орындарының сақтауға деген ынталылығы әлі де байқалмайды, оны сол жердің жергілікті саулық бойынша статистикасынан да көре аласыз. Осындай экологиялық қауіпті аяқталмаған аймақтың бірі – Арал өңірі мен оның жас тұрғындарының саламаттылығы болып отыр. Қазақстанның Президентінің осы жылғы халқына жолдауындағы ерекше көңіл бөлген мәселесі де тұрғындардың саулығы. Сондықтан да әрбір Қазақстан азаматы өзінің және туыстарының саулықтарын бақылап отырғаны өте жөн. Экологиялық техногендік аймақта денсаулық сақтау мәселесі де өте кіріптар, оның ортаға және сондағы осыған жауапты адамдарға да байланысты екенін ұмытпаған жөн. Әсіресе, Қызылорда қаласында жүргізілген сауалнама бойынша, жаңа келген студенттердің және басқа да қалаға барған осы Арал өңірінің студенттерінің денсаулық көрсеткіштерін қарап сараптау нәтижесінен көптеген ғылыми мазмұнды мәселелер бар екенін, әлі де шешілмеген және қолға алынбаған ғылымға да құпия жақтарын қарау және оларды анықтап баға беру де біздің бір бағытымыз болып отыр. Арал өңірінен келген студенттер саны биылғы оқу жылында салыстырмалы түрде өте жоғары. Олай болса сол техногендік зонадан шыққан жастар мен басқа да адамдарды ерекше бақылауға алуды жөн көрдік. Себебі, қазір Қазақстандағы бір мазалаушы облыс та осы зона бойынша талаптанған студенттермен тәжірибе жүргізу барысында анықталар деп отырмыз.

Бүгінгі күні Қазақстан ғалымдарының жүргізген зерттеулері [1-6], Арал өңірінің ластанатын заттары да, суы да және т.б. тамақтық берерлері де экологиялық қауіпке де кіріп отырғаны белгілі. Бірақ бұл

мәселенің шешімі тек зерттеу нәтижесінен шығады. Арал өңірінің лас болуына себептерді көруге болады, ол ешқандай құпия емес. Мұның әсерін қоршаған ортадан да және сол аудандардағы биологиялық үрдістерден де байқауға болады, соның бір көрсеткішін мектеп оқушыларының денсаулық параметрлерінен де көруге болады [5].

Зерттеуіміздің басты мақсаты да сол мектеп оқушыларының Арал аймақтық экологиялық техногендік зонасына тән ерекшеліктерін бақылау мен бағалау [2].

Негізгі теориялық шолу нәтижелері көрсеткендей негізгі физиологиялық параметрлері мен денсаулық көрсеткіштері өз ара сай емес екендігін көре аламыз. Мұның да себептері Арал өңірінің техногендік зоналарының аймақтық ерекшелігі мен ондағы тұрғындардың да жеке индивидуальдық қасиеттерінің өзгерістеріне байланысты деп шешуге дәлелдер іздеуде, бұл ерекшеліктер де балалар мен жасөспірімдердің жасына да, жынысына да тәуелді екенін қарастыруға негіз болады. Осы тектес ғылыми жұмыстар Алматы қаласы және облысы бойынша да авторлармен бұдан бұрын да (2001-2011 жж) жүргізілген, нәтижесінде авторлар өзгерістердің ғылыми негізі ғаламдық акселерациялық құбылыспен байланысты деп шешкен болатын [1].

Зерттеудің методикасы мен материалдары

Балалар мен жасөспірімдердің дене бітімін өлшеу мен бағалау үшін Мартиннің картасына түсіру қажет, бұл нәтижелерді тек қана соматофизикалық әдіспен, яғни антропометриялық өлшемдерді жасау арқылы ғана алуға болады. Мәліметтерді жергілікті жердің балалар емханасының стат. бөлімінің көрсеткіштерімен салыстыра отырып, орташа сандардың мәндерінің Студенттік бағаларын шығардық, ол да ойдағыдай орташа мәндермен сәйкес келгенінің де дәлділігін дұрыс көрсетті.

Алынған ақпараттардың кестесін көретін болсақ:

№1 кесте Арал өңірі балаларының орташа физикалық параметрлері

Физикалық көрсеткіштері	М (11)	М
Бойы	170	3,3
Салмағы	36	3,5
Кеуде шеңбері	56	4,0

№2 кесте Алматы қаласы балаларының орташа физикалық параметрлері

Физикалық көрсеткіштері	М (11)	М
Бойы	155	5,3
Салмағы	30	3,5
Кеуде шеңбері	47	6,0

Салыстырып қарағанда екі өңірдің балаларының орташа физикалық көрсеткіштері бойынша Арал балаларының ерекше артық мөлшерлерін байқаймыз [5].

Аталған параметрлердің өзгерісінің заңдылығын бағалау барысында белгілі бір заңдылықтың корреляциялық динамикасын анық көруге де болады. Сонымен осындай өзгерістің заңдылығын бақылау үлкен тәжірибелермен ғана келетініне көз жеткіздік. Алынған нәтижелерді қорытындылау үшін, Арал аудандарындағы жасалған ғылыми эксперименттерден көрген ауытқулар мен динамикасы [4, 5] авторлардың осы тәжірибелерінде де қайталатынын көреміз. Айтылған және қайталанған ғылыми мәліметтерде [3, 6] және өзіміздің алдымызда жүріп жатқан тәжірибелер де осыларға толық дәлел бола алады.

Жоғарыда көрсетілгендей, қазіргі күні болгар мен венгер елдеріндегі осы жастағы балалардың да дене көрсеткіштері де біздің Алматы мен Алматы облысына қарасты елді мекендердегі балалардың дене параметрлеріне сәйкес келетінін, жақында ғана жасаған ғылыми зерттеулерден көруге болады. Дегенмен, Арал өңірі барлық көрсеткіштері жағынан ерекшеленеді екен. Оның негізі ортасына байланысты. Бұл нәтижелер де жалпы ғылыми салыстырумен бақылағанда өте жоғары қайталанатындығын көруге болады.

Сол себепті осындай балаларға ерекше күтім қажет, мүмкіндігінше өсіп келе жатқан балаларды арнайы жазғы және қысқы демалыстарында еліміздің табиғаты таза, экологиялық проблемасыз аймақтарына саламаттандыру үшін саяхатқа жіберген дұрыс.

1. Алиакбарова З.М. Мектеп гигиенасының негіздері. 2004. – 48 б.
2. Жұмбаев С.Ж. Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы. 2005.
3. Yedilbaev B., Shokanova A. Влияние выброшенных автотранспорта вредных веществ. Вестник КазНПУ. Серия естественно-географических наук. 2012.
4. Белгибаев М.Е. Арал теңізі аймағының өткені және болашағы. Хабаршы. ҚазҰПУ. «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы, №1[31], 2012 жс. 12-14 бб.
5. Көлбай И.С. Докторлық диссертациясының авторефератынан. 2001. – СПб.
6. Reynolds E.S. Journal Cell.Biol. 1963, Vol.17, – P. 208-212.

Резюме

Қазақстан Республикасында ЕҚТА-ды сақтау күрделі мәселеге айналуда. Себебі, Қазақстан аз орманды аудандар қатарына жатады. Еліміздегі жалпы орман қорының көлемі 26,5 млн. га-ға жуық, оның ішінде орман жамылғысы – 11,4 млн. га. Республикадағы орман қорларының түрлік құрамы бойынша сексеуіл алдыңғы орында, ол орман жамылғысының 67,5%-алып жатыр қылқанды және жұмсақ жапырақты ағаштар 16,5%-тен 14,8%-ге сәйкес келеді. Ағашты-бұталы түрлердің басым көпшілігі үзілмелі аралдарда кездеседі және шалғынды өсімдіктерден далалы өсімдіктерге алмасып отырады. Жұмсақ жапырақты түрлердің ішінде кең тарағаны қайыңды ағаштар [1].

Республика ормандары жоғарғы қорғау қызметіне ие және I топқа кіреді. Олар биоалуандылықтың сақталуына толық кепілдік береді [2]. Яғни республика ормандары тек табиғат қорғау жағынан ғана емес, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан да маңызы жоғары, сондықтан ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру бағалы ағаштарды қорғауға септігін тигізеді. Осы жағдайда ЕҚТА-ды нарықтық экономикаға сәйкес дамыту «Қазақстан-2030» Стратегиясы, ҚР-ның «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңдарына сәйкес басқарудың жаңа әдістері мен тәсілдерін іздеуді талап етеді.

Экологиялық туризм табиғи туризмнің құрамдас бөлігі және ӨТҮ-ның мәліметтері бойынша ол кез-келген мемлекеттің тұрақты дамуының құралы болып табылады. Экологиялық туризм терминінің пайда болуы қоршаған орта жағдайын сақтау, қорғау нәтижесінде ғана емес, таулы шипажайда демалу, табиғи ортаны тамашалау, экологиялық білім мен сананы көтеру барысынан туындаған. Осы жағдайда, экотуризм тұрақты дамудың негізгі құралы, ол қазіргі және келешек ұрпаққа қызмет ете отырып, әлеуметтік әділеттілік талаптарына жауап береді, сонымен бірге экономикалық жоспарлауда да тиімді [3].

Біздің зерттеу жұмысымызға арқау болып отырған негізгі нысанымыз Ақсу-Жабағылы қорығы аумағында кез-келген туристік қызметтерді жүзеге асыру "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" ҚРЗ-да (VI тарау 28-бабында, VII тарау 37 бабында) көрсетілген. Дегенмен, қорық аумағында жүзеге асырылатын кез-келген туристік қызмет қорық экожүйесін бұзып, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне кері ықпалын тигізеді. Табиғи ортаға кері әсерлердің алдын-алу үшін, туризмнің кез-келген түрі ерекше әдіс пен жоспарлауды талап етеді [4].

Ақсу-Жабағылы қорығында экотуризмнің дамуына кері әсерін тигізетін жағдайлар да көп. Басты себебі экотуризмді жоспарлау жақтарының қарастырылмауы. Сондықтан да қорық аумағында қорық үшін табыс көзі болып саналатын экотуризмді дұрыс жоспарлаудың, бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және оған жергілікті тұрғындарды тартудың келесі жақтарын ескеру қажет:

- қызығушылық (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді; экономикалық, әлеуметтік, мәдени);
- ұйымның әлсіз және күшті жақтарын саралау;
- ықпалы (саяси және экономикалық);
- мүмкіндігі (білімі, тәжірибесі, интелектілігі);
- құралдар (қаржылық және т.б.);
- әлеуметтік-экономикалық жағы (діндік және дәстүрлі);

- заңдық құқығы (жер иелену мүмкіндігі, пайдалану мүмкіндігі);
- өкілеттіліктер (басшылар мен ұйымдар);
- рөлі мен қызметі (шешім қабылдау, жоспарлау, басқару, енгізу, оперативті қызмет);
- халықтың тығыз орналасуы.

Қорық аумағында экотуризмнің қажеттілігі және дамыту жөнінде эксперттік сұрау жүргізгенде, экотуризмнің дамуына деген, түрөнімге деген сұраныс басым екендігі айқындалды.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтап, қорыта келе, келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік бар:

1. Қорық аумағында экологиялық туризмді жүзеге асыру үшін, ең алдымен қорық аумағында *экологиялық сызбаны* жасау қажет. Ол келесідей көрсетіледі: экологиялық жолдар сызбасы – тұрмыстық қызмет көрсету – мәдени айырбас пен халық шеберлігі – маркетингтік қызмет жүйесі – қауіпсіздік және әлеуметтік-мәдени қолайлылық-экологиялық сақтау жүйесі. Көрсетілген сызба экологиялық туризм инфрақұрылымы болып табылады, бұл туризмнің тұрақты дамуы үшін қажет.

2. Тұрғындардың ресурстарды тұтынуы. Тұрғын халықтың басым көпшілігі табиғатта серуендеп, демалуды ұнатады. Шет ел эксперттері Орталық Азия мемлекеттеріне талдау жасай отырып, келесідей қорытындыға келген: Қазақстанда 1 шетелдік туристке 15 ішкі туристер сай келсе, Өзбекстанда 1:20; Қырғызстанда 1:12, ал әлемде бұл көрсеткіш 1:6-ға тең. Эксперттердің пайымдауынша, мұндай қатынас тұрғындардың табыстарының төмендігінен олар шетелдерге саяхаттауға мүмкіндігі жоқ, сондықтан да олар республиканың облыстары мен аудандарына саяхатқа шығуымен байланысты деп түсіндіреді.

3. *Экотуризм жаңа жұмыс орындарын* құруға мүмкіндік береді.

4. *Экологиялық туризм* тұрғын халықтың әлеуметтік деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Қосымша көздердің пайда болуы кәсіптік және қолөнердің, сауданың дамуына алып келеді, мұндай жағдай аймақтың материалдық жағдайын жоғарылатады. Шетелдік эксперттердің айтуынша, жергілікті қоғамдастықта туризмнің дамуы алғашқы жылы тұрғындардың жалақысын 2-3 есеге, одан кейін туристік өнімдеріне сұраныс жоғары болған сайын 10 есеге көтеруге мүмкіндік бар. Мұндай «қарбалас сәттің» ұзақтығы менеджмент пен жарнаманың, сервис қызметінің жоғары деңгейде болуымен тікелей байланысты.

5. *Экотуризм аймақтағы биоалуандылықтың сақталуын* қамтамасыз етеді. Орман ағаштарын кесуді, балық пен аң аулауды, табиғатқа зиян келтіретіндерді бақылауға алу экотуризмнің басты міндеті болып саналып, экотуризмнің тұрақты дамуына әсер етеді, ал қоршаған табиғи орта туристер үшін, тартымды, көркем жер ретінде қала береді. ЕҚТА-да шаруашылық қызметтердің шектеулілігі экожүйенің, флора мен фауналардың сақталуына мүмкіндік береді.

Оңтүстік Қазақстан облысында экотуризмді дамыту және оның қазіргі жағдайын зерттеу бұл мәселеде әліде шушұі көп мәселелердің бар екендігін көрсетеді.

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы. "Биологиялық алуандылық туралы Конвенция". 19.08.1994. - №918.

2. *Экология устойчивое развитие* – Астана, 2004. - №5. – С. 5-42.

3. "2030 жылға дейін Қазақстан Республикасы аумағына ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды орналастыру және дамыту Көңілеңі" Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. - 10.11.2000. - №1692.

4. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. - 15.07.1997 ж. - №162-І.

Резюме

В данной статье рассматриваются современное состояние и перспектива развития экотуризма в Южном Казахстане, особое внимание уделяется на особо охраняемые природные парки, дается конкретные выводы о перспективе развития экотуризма в регионе.

Summary

Given article deals with the issues of modern state and development of ecological tourism in South Kazakhstan. Special attention is paid to specially protected natural parks and conclusions are made about prospective of development of ecological tourism in region.

ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН ОНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

А.А. Байтасов – география мамандығының 2-курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Адам мен оны қоршаған орта арасындағы қарым-қатынас қарама қарсы. Бір жағынан адам мен қоршаған орта арасындағы қиын комплексті қарым-қатынас, екінші жағынан ғылыми-техникалық прогрестің әсерінен адам қызметінің табиғатты түрлендіруінен болатын қоршаған ортаның интенсивті өзгеруі.

Туризм адам мен қоршаған орта арасындағы қайшылықтарды жоюға бағытталған. Алайда мемлекеттегі жаңа нарықтық жағдай ішкі туризмді дамытудың проблемаларын, әсіресе әлемдік туристік нарықтағы бәсекелестік жағдайын үлкейтті.

Мемлекеттегі қиын экономикалық және қаржылық жағдай туризмнің әлеуметтік мәселелер аспектілерін қиындатты:

- ❖ өмір сүру деңгейінің төмендеуі;
- ❖ тура табыстың қысқаруы;
- ❖ қазақстан халқының табысының шұғыл дифференциясы;
- ❖ тұрғындардың сатып алушылық қабілетінің төмендеуі;
- ❖ өмір сүру минимумынан табысы төмен тұрғындардың үлкен бөлігі.

Табыстың негізгі дифференциясы айлық көлемінің әр түрлілігін құрайды.

Экономика институтының МОН РК мәліметтері бойынша мемлекет 1998 жылы әлеуметтік минимуммен қамтамасыздандырылған еңбекке жарамды әр адамның орташа айлық көлемі 80,7 пайыз құрды. Алайда экономика салалары бойынша берілген индикатор анализі тек қана өндірісте, құрылыста транспорт және байланыста қаржылық қызметте жұмыс істейтіндер өзін әлеуметтік минимумымен қамтамасыз етеді, ал ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім, мәдениет салаларында жұмыс істейтіндер өздерін тіпті өмір сүру минимумымен қамтамасыз ете алмайды.

Тұрғындардың туристік мүмкіндіктері айлықтың көлемімен және жалпы ағымдағы кіріспен тікелей байланысты. Қазақстанда тұрғындардың ақшалай кірісі соңғы жылдарда өсті, бірақ сонымен қатар ақшалай шығындар да өсті.

Тұрғындардың шығыны ақшалай кірісінің арақатынасы 1997-2000 жылдары айтарлықтай өзгерген жоқ. 1997 жылы тұрғындардың шығыны ақшалай кірісінің 97,2% ал 1998 жылғы 99,1%, 1999 жылы 97,6% және 2000 жылы 99,3% құрды [1].

Сауықтыру элементі мәдениет жағынан туризмді қамтиды (ең алдымен адамның психологиялық жағдайын сауықтыру). Мәдениет және туризм бір-бірімен қоғамдық өмірдің әр түрлі дәрежесінде жақындайды. Мәдениет – адам қызметі табысының бірлігі ретінде туризмнің түрлерін дамыту және мәдениеттендіруде маңызды орын алады.

Мәдениетке архитектура, өнер, тұрмыс және т.б. жатады. Ал туризм адаммен жасалған мәдениет орындарына сүйенеді. Яғни тек табиғи ресурстарды ғана емес, мәдени және мәдени мұра ресурстарын пайдаланады.

Мәдениет және туризм қарым-қатынасын екі аспектіде қарастыруға болады:

- ✓ Мәдениеттің туризмге әсер етуі;
- ✓ Туризмнің мәдениетке әсері.

Мәдениеттің туризмге әсері бірқатар жағдайларға байланысты, олар:

- ❖ белгілі территорияда материалдық жағдайының болуы;
- ❖ әлеуметтік инфрақұрылымының дамуы, сонымен қатар мәдениет саласы;
- ❖ тарихи-мәдени, архитектуралық-этнологиялық, археологиялық және т.б. ескерткіштердің орналасу орны;
- ❖ ғылым-білім потенциалының болуы.

Белгілі территорияның материалдық жағдайының болғандығын мәдениеттің туризмге әсер етуінен материалды инфрақұрылымның дамығандығын айқындайды (инженерлік, агротехникалық, сызықтық құралдар). Бұл объектілерде мәдени қызметтің негізі қаланады [2].

Туристік өнімнің және туризм индустриясының бәсекеге қабілеттілігін кластерлік дамыту арқылы арттыру кластерлік буындар құру, олардың өзара іс-қимылын жақсарту және іс-қимылдың республика-

лық шебер-жоспар түрінде ұсынылған басым жоспарын жүзеге асыру процесін жылдамдатуға көмектеседі. Қазақстанда туристік кластерлер құру мен оларды дамыту шеңберінде қазақстандық туристік өнімді әлемдік нарыққа жылжыту мақсатында белсенді де қатаң маркетингтік саясат жүргізу жоспарлануда.

Түрлі еуропалық және азиялық нарықтадағы ахуалды зерделеу нәтижесінде мынадай қорытынды шығаруға болады:

Тұтастай алғанда Орталық Азияның және дәлірек айтқанда Қазақстанның әлі де болса жаңа халықаралық туристік бағыттар бөлігінде белгісіз болып қалып отыр;

"Қазақстан" сөзі жиі танылады, бірақ әлі де арнаулы туристік имиджі жоқ;

Еуропалық та, азиялық та туристік нарықта салыстырмалы түрде Қазақстанға келуге деген үлкен қызығушылық байқалады, мұның өзі нақты болашақта шетелдік туристер ағынының ұлғаю мүмкіндігін көрсетті.

Халықаралық нарық үшін Қазақстанның негізгі туристік өнімдері "Шексіз даладан қар басқан тау шыңдарына дейін" бағдары бойынша саяхатқа шығуды көздейтін құрама турлар мен джипті пайдалана отырып, шіз үйде немесе трейлерде тұратын далалық аңшылық екені айқындалды.

Қазақстанның халықаралық туристік нарықта табысты айқындалуы үшін аталған Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 2007-2011 жылдары үш басымдықты туристік нарық айқындалды:

1. Ресей, Германия, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Түркия, Қытай.

2. Франция, Жапония.

3. АҚШ, Азия-Тынық мұхит өңірінің елдері.

Сөйтіп, Қазақстанды Орталық Азия мен Еуразиядағы жаңа әрі тартымды туристік объект ретінде алға ілгерілету стратегиясын әзірлеу қажет [3].

Экономиканың өсімін қамтамасыз етудің жаңа бағыттарын қалыптастыру мен туризмді дамытуды мемлекеттік кең ауқымды қолдау жөніндегі міндеттер шеңберінде маңызды мән мынадай «белсенді» жобаларды іске асыруға беріледі:

1. Алматы қаласын және Алматы облысын дамыту:

Дамудың бас жоспарлары мен туристік кластер құру мен дамытудың шебер-жоспарлары шеңберінде Алматы қаласы мен Алматы облысында туризм мен спорт инфрақұрылымын дамыту үшін жағдайлар жасау;

Қапшағай қаласында Диснейленд-парк және Лас-Вегас үлгісі бойынша туризм және ойын-сауық индустриясының құрылысын қамтамасыз ету үшін техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) мен жобалық-сметалық құжаттама (ЖСҚ) әзірлеу;

Қосарлы ілеспелі қызмет көрсетулер саласын қалыптастыру мақсатында "Қорғас" Халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығы" АҚ жанындағы инфрақұрылымды одан әрі дамыту үшін жағдайлар жасау.

2. Астана қаласын және Ақмола облысын дамыту:

Шучинск-Бурабай курорттық аймағындағы ойын-сауық индустриясын қоса алғанда, ілеспелі қызмет көрсетулер саласын дамыту үшін жағдайлар жасау;

"Бурабай" ұлттық табиғи паркінде экологиялық туризм инфрақұрылымын дамыту;

Ақмола облысы Аршалы ауданының Мартыновка ауылында (Астана қаласынан 30 км қашықтықта) Перғауындар ауылы (Мысыр), "От-бос" кешені (Квебек, Канада) тақылеттес сақтардың көшпелі тұрмысын, олардың өзіндік мәдениеті мен дәстүрлерін әйгілеуге бағытталған "Шеберлер сарайы" деп аталатын көрме орталығы бар "Шебер ауылы" этнографиялық кешенін салу.

3. Жібек жолы бойында туризмді дамыту:

Тек қана мәдени құндылықтары басымдық танытатын Өзбекстанмен салыстырғанда Қазақстанның бәсекелік артықшылығы Жібек жолының қазақстандық бөлігінің бірегей табиғат ландшафтарымен, эндемикалық флора және фаунамен және көшпелілердің тарихи-мәдени мұрасымен әрі көне қалалар халықтарының мәдениетімен үйлесім тапқан құрама турлар болып келуінде.

Аталған жобаны іске асыру үшін мыналар жоспарланып отыр: "Жібек жолы меруерті" халықаралық туристік пойызын ұйымдастыру жөніндегі жобаның бірінші кезеңін Алматы-Тараз-Шымкент-Ташкент-Самарқанд-Үргеніш-Бішкек-Рыбачье-Алматы бағдары бойынша 2007-2008 жылдары жүзеге асыру;

"Жібек жолы меруерті" халықаралық туристік пойызын ұйымдастыру жөніндегі жобаның екінші кезеңін Алматы-Тегеран бағдары бойынша жүзеге асыру жөнінде мемлекетаралық келіссөздер жүргізу және бағдарды Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық округы арқылы 2008 жылдың аяғына қарай Пекин қаласына дейін ұзартуды қамтитын үшінші кезеңін іске асыруға дайындау;

"Қорғас" және "Достық" шекара пункттерінен Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласына дейін жол бойы инфрақұрылымының объектілерін көрсете отырып жол картасын жасау;

Түркістан қаласында, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының, Дүниежүзілік туристік ұйым мен ЮНЕСКО-ның (Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы) өңірлік бағдарламасының "Жібек жолы: өңірлік ынтымақтастық және даму мақсатында элеуетті нығайту" халықаралық жобасын іске асыру шеңберінде қонақ үйлер мен керуен-сарайлар желісін салу және оларды дамыту;

Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа қатысушы мемлекеттер үшін туристік визаларды өзара тану және одан әрі бірыңғай туристік виза енгізу мәселелерін шешу жөніндегі мемлекетаралық келіссөздер процесін, оның ішінде аталған ұйымдар қызметінің шеңберінде жандандыру.

4. Каспий теңізінде жағажай және круиз туризмін дамыту. Жобаны іске асыру мақсатында мыналар жоспарланып отыр:

Каспий теңізі бойынша Ақтау-Астархань (Ресей)-Махачкала (Дағыстан)-Баку (Әзірбайжан)-Әнзели (Иран)-Түркменбаши (Түрікменстан)-Ақтау халықаралық круизін дайындау және оны ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау;

Жағажай туризмін дамыту және Ақтау қаласында туризм және ойын-сауық индустриясын құру жөніндегі мәселені пысықтау мақсатында Кендірлі демалыс аймағын жайластыру.

5. "Қазақстан – ғаламшардың бірінші ғарыш айлағы" жобасының шеңберінде Байқоңыр қаласында ғарыш туризмін дамыту үшін жағдайлар жасау.

Жобаны іске асыру 2008 жылдың соңына дейін жана технологияларды (планетарийлер, мұражайлар, ұшуларды басқарудың шағын орталықтары, кәде сыйлар сағатын сауда орталығы және т.б. құру) пайдалана отырып Байқоңыр қаласының маңында ойын-сауық индустриясы бар туристік кешен құрылысын салу жөніндегі мәселелерді пысықтауды көздейді [37, 104-108].

Туризмді дамытудың маңызды элементтерінің бірі Қазақстанның оң туристік имиджін қалыптастыру және жаһандық экономикаға бірігу арқылы ұлттық түрөнімді туристік қызмет көрсетулердің әлемдік нарығына шығару болып табылады [4].

1. Дуйсен Г.М. Основы формирования и развития индустрии туризма в Казахстане. – Алматы, 2002.

2. О развитии туризма как доходной отрасли Республики Казахстан. Официальные материалы. – Алматы: Паритет, 2001.

3. Роль туризма в устойчивом развитии Республики Казахстан. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.

4. Реальные возможности туристского рынка Казахстана. Деловой мир. – Астана, 2000. - №5.

Резюме

В статье обсуждаются развития туризма в Казахстане, а также предпосылки развития туризма и ее экономическая важность.

Summary

This paper discusses the development of tourism in Kazakhstan, as well as prerequisites for the development of tourism and its economic importance.

УДК 338.48-1-025.27

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУДА ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ ОРЫНДАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Д.А. Садыкова – магистрант, ҚазМемҚызПУ

Экологиялық туризмнің дамуы қоғамдағы адамдардың жағдайы мен өнеркәсіп, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына байланысты екендігі айқындалды. Туризмнің дамуы мемлекеттің ішкі және сыртқы әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайының тұрақтануына, табыстың ұлғаюына, шетелдік валютаның енгізілуіне әсерін тигізетіні белгілі болды. Қазақстанның көрікті табиғаты, бай минералдық су көздері және шипалық сазды жерлері бір-бірімен үйлестікте адамның физиологиялық жағдайына әсер ететін және көптеген сырқат түрлерін емдеуге көмектесетін климаттық факторлар кешенін құрайды және демалыс, танымдық мақсатта экологиялық туризмді дамытуда маңызды. Өйткені, экологиялық туризм бұл табиға-

ты сақталған аудандарға әсем ландшафттарды тамашалау, оларды танып-білу және сақтау үшін жасалатын саяхат болып табылады. Осыған байланысты Қазақстандағы емдік-сауықтыру бағытындағы туризмді дамыту арқылы экологиялық туризмді дамыту бағыттарын жандандыру қажет.

Еліміздің емдік бағыттағы емдік-сауықтыру орталықтары Орталық және Солтүстік Қазақстанда, Қарағанды облысындағы Қарқаралы тау-орман массивінде, Қостанай, Павлодар облысындағы Баянауыл тау-орман массивінде біршама алдыңғы дәрежеде. Қостанай облысындағы Қазанбас орманды аймағындағы шипалы батпақ тұзды көлі және басқа адамның денсаулығына қолайлы табиғат ресурстары қамтылған. Павлодар облысындағы Баянауыл массивінде континенттік климат және ірі аумақты минералды батпақ және сульфат-хлоридтік, магний-натрий суға бай өзендер қоры көп орналасқан.

Қазақстан емдік бағыттағы сауықтыру орталықтарына өте бай аймақ, 500-ге жуық анықталған минералды су көздерінің 200 термольдық және субтермольдық және хлор-сульфат, натрийлі суға бай (Қапал, Арасан), натрий-корбонатты сульфат суы (Алма Арасан), гидрокорбонат, натрий, жоғарғы термольді радиоактивті, өз құрамына темір, марганец, мыс, цинк және т.б. құрамын қамтыған (Сарыағаш) пайдалануда. Сонымен бірге 78 шипалы батпақ көлдер, 50 климатпен емдеу аудандары және зоналары республикамыздың барлық облыстарында кездеседі.

Емдік-сауықтыру бағытындағы туризмнің Алматы, Бурабай-Щучинск, Баянауыл, Қарқаралы, Сарыағаш, Сергеевка, Шалқар емдік-сауықтыру орталықтары жоғары дәрежеде дамуға мүмкіншілігі бар аймақтар саналады.

Бальнеологиялық емдеу – (латын тілінен аударғанда *Balneum* – ванна, шомылу) табиғи және қолдан жасау әдісі арқылы минералды сумен емдеу. Қазақстандағы негізгі емдік-сауықтыру орталықтары минералды суды пайдалану арқылы қалыптасқан. Құрамындағы минералды, химиялық, газ, температура адам ауруларына емдік әсер етеді.

Климатпен емдеу – табиғи климаттық жағдайы қолайлы емдік қасиетке ие ауа-райы қалыптасқан аймақта емдеу. Климатпен емдеудің елімізде аэротерапия, серуендеу т.б. кездеседі.

Қымыз және шұбатпен емдеу біздің елімізде ежелден белгілі. Қымыз өз құрамына 2-2,5% белок, 1-2% май, 3,5-4,8% қант, витаминдер, фосфор, кальций, 0,6-1,2% сүт сақтайды. Қымызды туберкулез, анемия, рахит ауруларын емдеуге пайдаланады.

Қазақстандағы емдік ресурстарды зерттеу бойынша 500 минералды су көздері, 50 климаттық емдеу орындары бар екендігі анықталды. Қазіргі кезеңде елімізде 12 емдік-сауықтыру орталықтары, 2 пенсионат, 6 демалыс үйі бар. Емдік-сауықтыру орталықтары Қарағанды, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстарында жоқ. Сонымен бірге Каспий теңізі жағалауы, Манғыстау, Атырау облыстарында, Солтүстік және Шығыс Қазақстан тау кен өнеркәсібі дамыған аймақтары емдік мақсатта пайдаланылмаған. Қарқаралы мен Баянауыл аймағын емдік туризм бағытында дамыту қолға алынбаған және көптеген минералды батпақтары бар көлдерді пайдалану жүзеге асырылмаған.

Еліміздегі емдік-сауықтыру бағытындағы орталықтар:

1. «Ақжайық» – Орал қаласынан 45 км қашықтықта орналасқан.

1989 жылы Орал өзенінің жағалауында көрікті табиғат аясында құрылды. Негізгі емдеу факторы хлорлы-магний-натрий минералданған суы, құрамында темір бар минералды су ішкі құрылыстарды тазалау үшін қолданылады. Ревматизм, гипертоникалық аурулардың бірінші және екінші дәрежесін анемия, варикоз ауруларын және ас қорыту аурулары гастрит, энтероколит, гепатохолицист, панкреатитті емдеуге маманданған. Сонымен бірге қосымша сусамыр, зоб ауруларын емдеу бағыттары дамыған.

2. «Атырау» – емдеу-сауықтыру орны Атырау қаласында Орал өзенінің жағалауында орналасқан. Емдеу-сауықтыру орны Орал өзенінің қалаға шығатын жағасында орналасқан. Негізгі емдеу факторлары құрамында элементтері бар хлорид, натрий суы. Полиартрит, остеохондроз, радикулит, артрит ауруларын емдеуге маманданған.

3. «Сосновый бор» – Қостанай қаласынан 50 км қашықтықта орналасқан. 1981 жылы қайыңды ағаштар арасында, емдік қасиеті бар қолдан жасалған көлмен спорттық кешен ретінде орналасқан. Құрамында азот мен ионға бай таза ауа, мәңгі жасыл өсімдіктері бар алқап адам ағзасына қолайлы әсер етеді. Негізгі табиғи емдік көзі – шипалы батпақ және аз минералданған сульфат-натрий суы.

4. «Зеренді» демалыс үйі – Көкшетау қаласынан 50 км қашықтықта Зеренді көлінің жағалауында таулы, орманды алқапта орналасқан. Көлдің құмды жағалауы, аралас орман, таулар, қолайлы климат, адам ағзасына жақсы әсер ететін табиғатқа бай өлке, бұл адамдардың жақсы демалуы үшін өте маңызды.

5. «Светлый» емдеу-сауықтыру орталығы – Көкшетау қаласынан 60 км қашықтықта «Бурабай емдеу-сауықтыру орталығы» станциясынан 12 км қашықтықта, Щучье көлінің жағалауында орналасқан.

Көрікті көп тауларымен көмкерілген табиғатпен қоршалған, таза ауа адамның денсаулығына әсер ететін қолайлы табиғи емдік факторға ие климат қалыптасқан. Негізінен бронхит, бронхиальдік астма, пневмония, жоғарғы тыныс жолдары, танзиллит, фаренготрахлит, синусит т.б. ауруларды емдейді.

6. «**Жаркент-Арасан**» – республикалық маңызы бар, бальнеологиялық емдік-сауықтыру орталығы. Алматы облысы, Панфилов ауданы Жетісу (Жоңғар) Алатауының табиғаты әсем шатқалында, теңіз деңгейінен 1100 м. биіктікте орналасқан. 1967 жылы ашылған. Негізгі емі – құрамындағы радонды бар хлор-сульфат натрийлі минералды суы. Қан айналу, жүйке жүйесі, аяқ-қол, буын, тері және гинекологиялық ауруларды емдейді. Климаттық факторлар (таудың шипалы таза ауасы, өсімдігі, табиғи ландшафты) кеңінен пайдаланылады.

7. «**Алма-Арасан**» – емдік сауықтыру орталығы Алматының оңтүстік-батысында, Іле Алатауының солтүстік беткейінде 1800 м биікте орналасқан. Жер бедері таулы-орманды шалғынды болып келеді. Суы аз мөлшердегі минералды, гидрокарбонатты, натрийлі, баяу сілтілі (рН – 1,9-9,6), радиоактивті. 1953 жылы толық барланды.

8. «**Рахманов бұлағы**» – Рахман көлі, Шығыс Қазақстан облысының Қатон-Қарағай ауданындағы шипалы жылы су көзі. Оңтүстік Алтайдың кішкене тектоникалық ойпатында, Арасан көлінің жағасында теңіз деңгейінен 1750 м биіктікте орналасқан. Су граниттегі терең тектоникалық жарықтан шығады, температурасы 35°C-42°C. Рахман бұлағының шипалық қасиеті оның құрамындағы көмір қышқылының радонның молдығында. Суы тұщы, минералдануы 200 мг/л, құрамында гидрокарбонаттар, натрий, кальций т.б. элементтер бар. Рахман бұлағының суы асқазан, ревматизм, гинекология, жүйке, тыныс ауруларын және әр түрлі улану мен жараларды емдеуге қолданылады.

9. «**Коктем**» – таза ауамен және шипалы сумен емдейтін емдеу-сауықтыру орталығы. Алматы қаласынан оңтүстікке қарай 2 шақырым жерде, Іле Алатауының етегінде, теңіз деңгейінен 1100 м биіктікте орналасқан. Таудың таза ауасы мен сұлу табиғаты, табиғи шипалы минералды суы демалушылардың жақсы емделуі мен демалуын қамтамасыз етеді. 1990 жылы аумағынан минералдылығы аз, гипертормалы (42°C-44°C) құрамы азотты-сілтілі және хлор сульфатты натрий, кремний қышқылы мен фторға қаныққан табиғи шипалы жер асты ыстық су көзі табылған.

10. «**Сарыағаш**» – бальнеологиялық емдеу-сауықтыру орталығы – Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданында, Шымкент қаласынан 145 шақырым жерде, Келес өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. «Сарыағаш» минералды суы алғаш рет 1948 жылы мұнай іздеу барысында бұрғылау кезінде табылып, шипалы қасиеті сол жылы белгілі болған. 1950 жылы 15 орынға арналған алғашқы бальнеологиялық емдеу орны ашылған. 1961 жылдан «Сарыағаш» емдеу-сауықтыру орталығы аталды.

11. «**Түрген**» су көздері – Алматы облысында, Алматы қаласынан 80 км. және Түрген ауылынан 20 шақырым жерде, Іле Алатауының солтүстік беткейінде Түрген өзенінің бойындағы табиғаты әсем шатқалда орналасқан. Басты табиғи емдік қасиеті – ыстық (33°C, 35°C) сульфатты кальцийлі-натрийлі (минералдануы 1,44 – 1) 51 г/л су, құрамында азот пен кремний қышқылы бар, тәуліктік көлемі 25 м бальнеотерапия үшін қолданылуда.

12. «**Мерке**» – бальнеологиялық емдеу-сауықтыру орталығы Жамбыл облысы, Мерке темір жол станциясының оңтүстігінде 14 км жерде, теңіз деңгейінен 1200 м биіктікте, таулы аймақта орналасқан. 1960 жылы жергілікті тұрғындар үшін демалыс үйі, ал 1981 жылы емдеу-сауықтыру орталығы ретінде ашылған. Негізгі емі – құрамында фтор, кремний қышқылы бар сульфаты (күкірт қышқылы), гидрокарбонатты-хлорлы натрий тұздары аралас радонды минерал суы пайдаланылады. Сондай-ақ таудың таза ауасы мен сұлу табиғаты, климатымен емдеу, физиотерапия, емдік денешынықтыру тәсілдері де қолданылады.

13. «**Жаңақорған**» – балшықпен емдейтін бальнеологиялық курорт. Батыс Қазақстан темір жолының Жаңақорған станциясынан 2 км, Қызылорда қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 170 км жерде, Сырдария аңғарының сортаң топырақты шөлді аймағында, Теріскен көлінің жағалауында орналасқан. Шипалы балшығымен, тұзды суы өте ертеден белгілі. Курорт салу 1918 жылы жергілікті дәрігер Ф.С. Мартюковтың ұсынысымен басталған. 1920 жылы балшықпен емдеу ғимараты, 1926-1928 жылдары 200 орындық демалыс ғимараты салынған. Қазақстандағы балшықпен емдейтін тұңғыш емдеу-сауықтыру орталығы.

14. «**Бурабай**» емдеу-сауықтыру орталығы – Көкшетау облысының Щучье ауданындағы ауа-райы және қымызбен емдейді. Бурабай көлінің жағасында теңіз деңгейінен 350-480 м биіктікте орналасқан.

Елімізде емдік-сауықтыру бағытындағы туризмді дамыту жандандырыла бастады. Емдік бағыттағы туризмнің материалды-техникалық базасы жақсартылды, жаңа ғимараттар салынып, қосымша жаңа жиһаздармен қамтамасыз етілді және ем жасаудың жаңа әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Емдеу-сауықтыру нысандары табиғи көрікті аймақтар, минералды су көздері, табиғаттың шипалы байлықтары. Сондықтан

экологиялық туризмді дамытуда емдеу-сауықтыру аймақтарын тиімді пайдалану арқылы дамытсақ елімізде туризм саласы мен экологияның да тұрақтануы байқалар еді. Себебі, экотуризм табиғи ресурстарды, табиғи ландшафтар мен кешендерді сақтауға, туристік ағымдардың біркелкі таралуына үлкен үлесін тигізеді.

1. Теоретические основы рекреационной географии / Под ред. Преображенского В.С. – М.: Наука, 1975.
2. Котляров Е.А. География отдыха туризма. – М.: Мысль, 1978.
3. Азар В.И. Экономика и география туризма. МГУ. 1975.
4. Ердаулетов С.Р. Проблемы и перспективы казахстанского туризма. – Алматы, 1997.
5. Закон РК «О туризме», Постановление РК 3.07.1992 г. – Алматы.
6. Природные ресурсы и охрана окружающей среды в РК. – Алматы, 1994.
7. Дублицкий Н.Н. Туристские маршруты по Казахстану. – Алматы, 1985.

Резюме

В этой статье рассматривают развития экологического туризма в Казахстане.

Summary

In this page considered about vecreation vesources health and fitness centers in Kazakhstan.

УДК: 91.092.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ АУМАҒЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ ТҮРҒЫСЫНАН АУДАНДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАҒА БЕРУ

Б.М. Усенов – аға оқытушы,

А.Қ. Еркебеков – география магистрі, экология магистрі, оқытушы,

Е.А. Калимбетов – экономика магистрі

Территорияны аудандастыру географиялық зерттеу әдістерінің бірі бола отырып, ол жорамалдау мен басқарудың тиімділігін жоғарылату территориялық жоспарлаудың негізін білдіреді.

Аудандастыру проблемасына арналған жұмыстардың көбі қажетті рекреациялық потенциалы бар территориялар ретінде рекреациялық аудандарды түсінуге негізделеді. Бұл ең алдымен, табиғи немесе антропогендік сипаттағы рекреациялық ресурстары бар туризм мен демалысты ұйымдастыруға жарамды жерлер.

Аудандардың экологиялық таза территорияларындағы адамдардың үдемелі қажеттіліктері мен оларды қанағаттандырудың ресурстық мүмкіндіктері туралы ақпарат жинау мүмкіндігін береді.

Сонымен қатар, аудандастыруға аталған жердің табиғи, мәдени-тарихи көрікті жерлер туралы экскурсиялық ақпаратты шоғырландыру және түрлендіру мүмкіндігін береді.

Аудандастыру бір немесе екі басымды критерийлерді пайдалану арқылы жүргізіледі. Мысалы, Румыния территориясын аудандастыру критерийлері болып табиғи және антропогенді рекреациялық ресурстар табылады. Табиғи-рекреациялық потенциал бойынша аудандастырудың тағы басқа мысалдары шетелдік тәжірибеде, сонымен қатар, Ресей ғалымдары мен Қазақстан ғалымдары айналысуда.

Әрбір елдің тәжірибесін пайдалану арқылы біз туристік қызмет көрсету объектілерімен жабдықталу және рекреациялық ресурстармен (табиғи және антропогендік қанығу деңгейі бойынша) Алматы облысының территориясын аудандастыру талпынысын жасадық.

Рекреациялық ресурстарды талдауға негізделген аудандастыру тек игерілген емес, сонымен бірге экологиялық туризмнің даму жоспарларындағы перспективті территорияларды да қамтиды. Ол Алматы облысының әкімшілік-территориялық шекаралары шегінде жүргізіледі [1].

Олар әкімшілік бөлуді тегін таңдаған жоқ. Біріншіден, ол статистикалық ақпаратты талдау үшін қажет. Екіншіден, әкімшілік-аудандар шегінде халықтың жұмысбастылығы есепке алынады. Сондықтан, қазіргі өнеркәсіп немесе ауылшаруашылығын дамыту мен орналастыру жағдайлары сол аудандарда болмағандықтан, экологиялық туризмді экономикалық даму үшін ынталандыру болып, еңбекке жарамды халықтың жұмыс бастылығына себепші болады. Үшіншіден, экологиялық туризмді дамыту үшін, қолайлы жағдайларға ие аудандарды бөліп көрсету жергілікті билеушілерге оларды сақтау жөніндегі шараларды күшейтуге мүмкіндік береді. Төртіншіден, Алматы облысындағы экологиялық туризмді дамыту үшін бөлінетін ақша құралдары әкімшілік аудандар шегінде таратылып бөлінеді [4].

Рекреациялық жүйелердің ғылыми зерттеуі мен жобалауда рекреация үшін табиғат жағдайларын есепке алу мен көрсету әдістері жиі қолданылады. Рекреациялық ресурстардың сандық есебі мен бағалау аудандастыру жол береді. Осы аудандастырудың әдістемесінің мәні бағалау шкаласын әзірлеуде. Н.С. Мироненко, И.Т. Твердохлебов айтқандай, бағалау шкалаларын әзірлеу синтетикалық-сипатқа ие, себебі осы шкалалар бағалауды білдіреді. Бүгінгі күнде шкалалардың 4 түрі әзірленген: классификация шкаласы (номиналды шкала, реттік, интервалдар, қатынастар шкаласы).

Жұмысымызда біз интервалдар шкаласын пайдаландық. Интервалдар шкаласындағы аралықта ерікті түрде алынады, бірақ белгілі бір территория шегінде максималды және минималды мән айқындалады. Осы есептеулер арасындағы айырмашылық әрбір градация үшін бөлу интервалын көрсетеді. Градациялардың бөлінген санындағы ақпараттық максималды көлемі шкаланы интервалға бір қалыпты бөлгеннен алынады [2].

Әрбір объектіге 1 балл берілетіндігін атап өтейік. Әрбір объектіге және ландшафтты картаны зерттеуден анықталған баллдар жиынтығы облыстың әрбір аудандарының табиғат жағдайын бағалайтын баллдар санын көрсетеді.

«Алматы облысындағы экологиялық туризмнің табиғи рекреациялық ресурстары» картасы бойынша жүргізген зерттеу нәтижесінде «Территорияларды табиғи рекреациялық ресурстармен қанығу деңгейі бойынша бағалау» картограммасы жасалды. Балл саны 65 және одан жоғары 4 аудан (Қарасай, Жаркент, Райымбек, Талғар); 45-тен 65-ке дейін 6 аудан (Алакөл, Еңбекшіқазақ, Ескелді, Кербұлақ, Сарқанд, Ақсу); 25-тен 45-ке дейін 3 аудан (Балқаш, Жамбыл, Ұйғыр); 25-тен төмен 3 аудан (Іле, Көксу, Қаратал) анықталды. Сәйкесінше, баллы жоғары аудандар экологиялық туризмді дамыту үшін өте қолайлы табиғат жағдайларына ие. Олар жоғары категорияға жатады, ал балл саны 45-65 аралығындағы аудандар – орта, 25-45 балл жоғары емес категориямен, ал балл саны минималды аудандар төменгі категорияларға жатады [5].

«Алматы облысының экологиялық туризмнің антропогенді рекреациялық ресурстары» картасын талдау территориясы мәдени тарихы рекреациялық ресурстармен қанығу деңгейі бойынша бағалауға мүмкіндік береді. Балл саны 18 және одан жоғары 3 аудан (Кербұлақ, Еңбекшіқазақ, Ұйғыр); 12-18 балл 5 ауданы (Ақсу, Жамбыл, Сарқанд, Райымбек, Талғар); 6-12 балл 5 аудан (Алакөл, Ескелді, Қаратал, Қарасай, Жаркент); 6-дан төмен 3 аудан (Іле, Балқаш, Көксу). Сәйкесінше Кербұлақ, Еңбекшіқазақ және Ұйғыр аудандарының баллы жоғары болғандықтан экологиялық туризмді дамыту үшін өте қолайлы. Олар жоғары категорияға жатады, ал балл саны 12-18-ді құрайтын аудан орта категорияға; Іле, Балқаш, Көксу төменгі категорияға; 6-12 балл жоғары емес категорияға жатады. Адам осы аудандарды аз игергендіктен, қолайсыз табиғат жағдайының болуы салдарынан мұнда тарихи-мәдени объектілер аз.

«Алматы облысының туризмнің инфрақұрылымы» картасын талдай отырып, территорияны туристік қызмет көрсету объектілерімен жабдықтауы бойынша бағалау жүргізілді: балл саны 18 және одан жоғары аудандар – Талғар, Қарасай, Еңбекшіқазақ; 13-18 балл – Райымбек, Панфилов, Жамбыл; 7-13 балл Ескелді, Ақсу, Сарқанд, Алакөл, Іле; 6-дан төмен – Ұйғыр, Кербұлақ, Көксу, Балқаш, Қаратал. Сәйкесінше, экологиялық туризмді дамыту үшін ең қолайлы аудандарға Талғар, Қарасай, Еңбекшіқазақ жатады, олардың туристік инфрақұрылымының тармақталған желісі бар. Олар жоғары категорияға жатса, 13-18 балл – орта категорияға, 7-13 балл – жоғары емес, ал 6-дан төмен категорияға жатады.

Әрбір ауданның туристік рекреациялық потенциалы келесі факторларға байланысты айқындалады.

- табиғи рекреациялық ресурстар;
- антропогендік рекреациялық ресурстар;
- туристік қызмет көрсету объектілерімен қамтылу бойынша;

Әрбір категорияның жиынтық туристік-ресурстық потенциалын есептеуге қолайлы болуы үшін, өсу тәртібі бойынша 1-ден 4-ке дейінгі балл беріледі. Ереже бойынша, бір немесе бірнеше рекреациялық ресурстың кез-келген сандық бағалауы олардың жалпы (сомалық) потенциалын есептеуге кетірілуі керек. Жалпы немесе жиынтық туристік-ресурстық потенциал Алматы облысы территориясындағы экологиялық туризмді дамыту мүмкіндіктерін сипаттайтын сомалық көрсеткіштер кешені [3].

Әрбір ауданның туристік рекреациялық потенциалы (ТРП) туристік инфрақұрылыммен жабдықталу және антропогенді рекреациялық, табиғи ресурстармен қанығу дәрежесі мен анықталған баллдар сомасы ретінде анықталады. Жиынтық ТРП есебі 1-кестеде көрсетілген.

Жүргізілген жұмыс нәтижесі болып бағалау кестесі мен картограмма табылады. Картограммалар экологиялық туризмді дамыту үшін потенциалы жоғары аудандарды анық көрсетеді.

Жиынтық ТРП-ны бағалау кезінде жалпылау шкаласы сонымен қатар интервалдарға рангіленген шкала және Экологиялық туризмді дамыту үшін жиынтық туристік-ресурстық потенциал картограммасы құрылды.

Рекреациялық ресурстарды жалпы бағалау нәтижесінде экологиялық туризмді дамыту үшін өте жақсы табиғат жағдайлары Райымбек, Талғар, Қарасай, Жаркент, Еңбекшіқазақ аудандарында екендігі анықталды.

1-кесте. Алматы облысындағы экологиялық туризмді дамытудың жиынтық туристік-ресурстық потенциалдың есебі [7].

№	Аудандар	Баллдар			Сомасы
		Табиғи рекреациялық ресурстармен қанығу деңгейі бойынша	Антропологиялық рекреациялық ресурстармен қанығу деңгейі бойынша	Туризм инфрақұрылымымен жабдықталу деңгейі бойынша	
1	Еңбекшіқазақ	3	4	4	11
2	Талғар	4	2	4	10
3	Қарасай	4	3	3	10
4	Райымбек	4	2	3	9
5	Жаркент	3	3	2	8
6	Ақсу	2	3	3	8
7	Жамбыл	3	3	2	8
8	Саркент	3	4	1	8
9	Кербұлақ	3	2	2	7
10	Алакөл	3	2	2	7
11	Ескелді	2	4	1	7

Осылайша, Алматы облысы экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен потенциалға ие екендігін айтуға болады. Бұл көптеген рекреациялық ресурстардың болуымен және территорияның таулы жағымды табиғи жағдайымен түсіндіріледі.

Бүгінгі күнде Алматы облысының экологиялық туризмі туризмнің перспективті түрі ретінде танылу және қалыптасу кезеңінен өтуде.

Әртүрлі елдердің тәжірибесі көрсеткендей, туризм индустриясы кез-келген экономиканың ажырамас бөлігі болып табылады.

Өзіне тән ерекшеліктерге байланысты Алматы облысы бәсекеге қабілетті туризм индустриясын құру үшін үлкен потенциалды мүмкіндіктерге ие. Оған келесі аталғандар себепші болады:

- облыстың тиімді геосаяси жағдайы халықаралық туристік және коммерциялық ағындардың өтуіне қолайлы;

- экологиялық туризмді ұйымдастыру үшін фаунаның, флораның, табиғи ландшафтардың алуан түрлілігі;

- еркін еңбек ресурстарының болуы;

- экологиялық туризмнің объектісі болып табылатын мәдени-тарихи рекреациялық ресурстардың әртүрлілігі;

- Саяси тұрақтылық, экономикалық реформалар жүргізу;

Осыған қарамастан, экологиялық туризмнің дамуында көптеген проблемалар бар.

Алматы облысындағы экологиялық туризмнің дамуындағы ең басты проблема – облыстың экотуризмді дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламаның болмауы, яғни туризмнің осы түріне мемлекеттік қолдау көрсетілмейді. Бірақ облыстың экологиялық туризмі дамымаған деп те айтуға болмайды.

Алматы облысындағы туризмді дамытудың кешенді бағдарламасы бірқатар проблемаларды атап көрсетеді:

- туризмнің материалдық базасы жағдайларының деңгейлерінің төмендігі, перспективті аудандарда дамыған коммуникация жүйелерінің болмауы;

- Халықаралық нарықта бәсеке қабілетті туристік ұсынысты қалыптастыру тәжірибесінің болмауы;

- Саяхатушылардың назарын аударатын материалды мәдениет ескерткіштерінің нашар жағдайы.

Оларды қалпына келтіру мен көрсетуге дайындау үшін көптеген ғылыми-зерттеу және қалпына келтіру жұмыстарын жасау керек.

Осылайша, экологиялық және туризмді дамыту сипатындағы проблемалар бірін-бірі өзара толықтырып, шешуге кешенді тәсілдерді талап етеді [6].

Туризмнің басқа да түрлері сияқты, экологиялық туризмді дамыту қонақ үйлерді, туристік базаларды, тамақтандыру пункттерін салу үшін және жарнамалық өнімді әзірлеу және басқада мақсаттар үшін қажетті қаржылық және материалдық-техникалық құралдарға байланысты болады.

Қорғалатын табиғи территорияларға бүгінгі таңда қаржылық және материалдық көмек керек.

Алматы облысындағы экологиялық туризмді дамытудың ғылыми негізделген бағдарлама оның жүзеге асуын мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаты шегінде қарастыру керек. Экологиялық туризмді дамыту бағдарламасын жүзеге асырудың экономикалық тиімділігін анықтау күрделі мәселе. Оның күрделілігі мынада: әртүрлі деңгейдегі (республикалық аймақтық) шаруашылық механизмдерінде табиғатты пайдаланушылардың табиғат ресурстары мен табиғат жағдайларын рациональды пайдаланудағы мүдделерін қамтамасыз ететін жағдай жасалмаған, экотуристік қызметтің экономикалық нәтижелері есепке алынбайды.

Алматы облысын дамытудың жаңа экономикалық жағдайында бұл проблема шиеленісіп кетті, себебі рекреациялық қызметтің жаңа сапасы – экотуризм мен оның кәсіпорындары өзінің пайдасы мен рентабельдігіне оң әсер ететін шараларды (жобалар, сызба, жоспарлар т.б.) ғана жүзеге асыруға тырысады.

Алматы облысындағы туристік қызметтің даму перспективаларын қарастыру кезінде туристік қызмет қандайда бір стратегия мен бағдарламасыз дамыса, онда интенсивті туризм қоршаған ортаға теріс әсер етеді.

Біздің зерттеуіміздің нәтижесінде экологиялық туризмді дамыту көзқарасы тұрғысынан қолайлы аудандар анықталды. Оларға жататындар: Райымбек, Талғар, Қарасай, Еңбекшіқазақ, Жаркент. Бұл аудандардағы экологиялық туризмнің дамуы Алматы облысының табиғи шаруашылығы тұтас кешенінің сәтті дамуына, елдің басты әлеуметтік-экономикалық мақсаты – қоғамның тұрақты дамуы мен салауатты өмір салты үшін қоршаған ортаның жағымды жағдайымен қамтамасыз етуге қол жеткізуге себепші болады.

1. Мажар Л.Ю. *Территориальные туристско-рекреационные системы: концептуальный подход к развитию // Туризм и региональное развитие.* – Смоленск: Универсум, 2008. – Вып. 5. – С. 72-77.

2. Кусков А.С., Голубева В.Л., Одинцова Т.Н. *Рекреационная география.* – М.: Филита, 2005. – С. 10-15.

3. Мазбаев О.Б. «Қазақстан Республикасына ұмағын туристік рекреациялық тұрғыдан аудандастыру» Док.дис. ӘОЖ 911.2:338.486 (574).

4. Мазбаев О.Б., Белгибаев М.Е. *Экология және геоэкология құрылымдарының дамуы және оларды топтастыру // География және табиғат.* 2009. – №4. – 3-6 бб.

5. Алиева Ж.Н. *Экологический туризм.* – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – С. 44-52.

6. Алматы облысының 1:1 000 000 масштабты әкімшілік-аумақтық картасы. – Алматы: Картография РМҚК, 2001.

7. Котляров Е.А. *География отдыха и туризма.* – М.: Мысль, 1978. – 228 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы районирования и оценка туристского-рекреационного потенциала на примере Алматинской области.

Summary

Given article deals with the issues of zoning and evaluation of tourism and recreational potential of Almatinskiy region.